



Ұлттық құрылтай: ҚУАТТЫ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

3



ТЕРРОРИЗММЕН ТЕГЕҮРІНДІ КҮРЕС ҚАЖЕТ

2



ҚЫРАНЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН ҚЫЗ

9

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесті

№109 мектепте өткен кездесуде қала басшысы алдымен ауданда атқарылған жұмыстар, тың жаңалықтар туралы қысқаша баяндап берді. Кездесуге келген тұрғындар өздерін толғандырған сауалдарын қойды. Жетісу ауданының тұрғындары қала әкімінің алдында жол, тұрғын үй, қоғамдық көлік, т.б. әлеуметтік мәселелерді көтерді.

ТИІМДІ ЖОБАЛАР

Алматының Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесу барысында қала басшысы Ерболат Досаев осы ауданда инженерлік инфрақұрылымның дамуы туралы айтып берді.

«Жетісу ауданындағы жұмысымыздың басты бағытының бірі – тұрғындарға сапалы коммуналдық қызметтер көрсету», – деді Ерболат Досаев.

Қазір ауданда 80 км сумен қамту және 71 км кәріз желілерін салу бойынша 2 жаңа ірі инженерлік жоба жүзеге асырылып жатыр. Бұл жобада Кемел, Айнабұлақ сайы, Серіков, Қазыбаев, Февральская, Омаров және т.б. 100-ден астам көше қамтылады.



Бірінші жобаны «Алматыинжстрой» ЖШС іске асырып, «Кемел» шағынауданын толық қамтиды. Былтыр 5,7 км болатын 3 көшеге магистральдық су құбырлары тартылды. 2024 жылы жұмыстар жалғасады және осы жылдың соңына дейін аяқталады.

Екінші жобаны «НКО» ЖШС жүзеге асырып жатыр, ол 81 көшені қамтиды. Өткен жылы құрылыс-монтаждау жұмыстары 15 көшеде жүргізілді, оның 4-еуі толығымен аяқталды. 2024 жылы тағы 35 көшеде жұмыстарды жүргізу жоспарланған.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

4

Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №25 (6476) 29 наурыз, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz



ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКА:

Дамудың жаңа парадигмасы керек



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев
Боао Азия форумының пленарлық сессиясында сөз сөйледі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытайдағы жұмыс сапары бүгін аяқталды. Оңтүстік Қытай теңізінен басталған сапардың басты мақсаты – Боао Азия форумының (БАФ) XXIII сессиясына қатысу болатын. Жыл сайын өтетін Боао форумы биыл «Азия және әлем: Ортақ сын-қатерлер, ортақ жауапкершілік» деген тақырыпты ту етті. Мемлекет басшысы БАФ пленарлық сессиясының ашылу салтанатына қатысып, Азия және әлем экономикасының қарым-қатынасына қатысты сөз сөйледі.

2

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

29.03.2024

Түнде:



+5+7 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+13+15 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

30.03.2024

Түнде:



+4+6 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.

Күндіз:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
кей уақытта жаңбыр.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





ПРЕЗИДЕНТ

ЖАҒАНДЫҚ ЭКОНОМИКА:

Дамудың жаңа парадигмасы керек

(Басы 1-бетте)

Халықаралық форумнан кейін де Мемлекет басшысы ҚХР басшыларымен, өзге де халықаралық ұйым жетекшілерімен кездесу өткізді. Бұдан бөлек, қытайлық ірі компания жетекшілерімен де кездесті. Кезекті сөз ретінде ҚР Президентінің кезекті Қытай сапарының маңызын, Хайнаньдағы форумның маңығынасын тарқата кетпекпіз.

ХАЙНАНЬДАҒЫ ФОРУМ

Қазір әлем экономикасының өсу қарқыны баяулады, халықаралық жағдай терең дағдарыстарға түс келді. Ал табиғи апаттар мен ауа райының қолайсыздығы жиі орын алып, климат өзгерісі сынды ғаламдық құбылыстар ортақ шешім қабылдауды күтуде. Бұндай қиындықтарға қарамастан әлемдегі жетекші елдер арасында көшбасшылыққа және халықаралық жаңа тәртіпке қатысты қызу бәсеке бар. Осындай тұста көптеген тараптар жаһандық жаңа тәртіпке ықпал ету үшін халықаралық форумдар арқылы өз ұстанымдарын алға ұсына бастады. Хайнаньдағы халықаралық жиынның ең негізгі мәні сонда жатыр десек болады.

Боао Азия форумы дәстүрлі түрде жыл сайын өтетін халықаралық жиын. Онда көбінесе әлемдік экономика, технологиялық инновациялар, әлеуметтік даму және халықаралық ынтымақтастық секілді түрлі тақырыптар талқыланады. Ол

негізінен, Азия кеңістігіне бағытталған алаң болғандықтан аймақтағы әртүрлі мәселелерден тартып, Азияның қазіргі кездегі қиындықтары мен мүмкіндіктеріне қатысты тақырыптар талқыға түседі.

БАФ–2024 негізінен тараптардың көзқарасы бойынша ынтымақтастықты нығайту және қиындықтарды бірлесіп шешу жолдары қарастырылды. Бірқатар екіжақты диалогтар мен кәсіпкерлердің «дөңгелек үстелдері» ұйымдастырылды. Халықаралық жиында кәсіпкерлер диалогы, кіші форумдар, түрлі тақырыптағы «дөңгелек үстелдер», есеп беру конференциялары және басқа да іс-шаралар қамтылған. Бұның бәрі тараптардың терең пікір алмасуын, ауқымды ынтымақтастық орнатуын қамтамасыз ету мақсатында жасалған.

Кезекті БАФ төрт күнге ұласты, оған 60-тан астам ел мен аймақтан 2000-ға жуық өкіл қатысқан. Олардан тыс жиында 40-тан астам елдің 1100-ге жуық баспасөз өкілі де болды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДИАЛОГ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Хайнаньдағы халықаралық жиынның жүрметті қонағы ретінде сөз сөйледі. Мемлекет басшысы сөзінде жаһандық тұрақсыздықтың, шын мәнінде, құбылмалы геосаяси жағдай мен экономикалық қиыншылықтардан туындап отырғанын атай келіп, бұндай тұрақсыздық жағдайында халықаралық диалог алаңдарының айрықша маңызы бар екеніне тоқталып өтті. Сондай-ақ, жетекші елдер арасын-

дағы сауда соғысының жаһандық экономикаға, сауда қатынастарына тигізген кері әсерлері туралы да сөз етті. Сауда дауының ушыға беруі әлем экономикасының көз алда тұрған сын-қатері екенін айта келіп: «Протекционизм саясаты мен сауда дауларының ушығуы жаһандық жеткізу тізбегін бұзып, экономикалық өсімді тежейді, сондай-ақ инвесторлардың сеніміне селкеу түсіреді. Жаһандық экономикаға дамудың жаңа парадигмасы керек екені анық. Бұл мәселені шеше алмасақ, тауа онжылдықтағы мүмкіндіктер қолымыздан сусып кетуі әбден ықтимал», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент өзінің форумдағы баяндамасында қазіргі кездегі тұрақты дамудың көрсеткіштері бойынша Азия елдерінің көш бастап тұрғанын баса айтып өтті. Нақты экономикалық болжамдар бойынша Азия елдері әлемдік жалпы ішкі өнімнің 60 пайыз өсіміне қол жеткізеді. Азия әлемдік сауданың 53 пайызын қамтиды және қарқынды дамып келе жатқан экономикалар орналасқан аймақ. Алып құрлықтың жаһандық экономикадағы өзге де артықшылықтарына тоқтала келіп Мемлекет басшысы: «Құрлық аймағындағы адам ресурсына ие. Әлемдегі ірі 30 қаланың 21-і Азия құрлығында орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың тұтыну көлемінің өсімі 30 триллион доллар болмақ. Болжам бойынша оның 1 триллион доллары ғана батыс экономикасына тиесілі. Осы факторлардың барлығы мұның «Азия ренессансы» екенін көрсетеді», – деді.

ҚАЗАҚСТАНҒА ИНВЕСТИЦИЯ ШАҚЫРУ

Азиялық алаң белсенді инвестициялық атмосфераға ие болды деуге болады. Онда еліміздің де экономикасын ілгерілетуге қолдаушы жаңа ынтымақтастықтар мен инвестициялық келісімдердің сөзі сөйленді. Мемлекет басшысының кезекті сапарының басты мақсаты да сол, жаңа инвестициялар мүмкіндігін қарастыру. Президент Тоқаев аталған форумды жаңа азиялық инвестициялық тәсілдің іске асуы ретінде бағалайтынын, әрі бұл жиын Қытайдың жаһандық дамуға деген ұстанымының символы екенін де атап өтті. Бұнымен бірге жаһандық экономикалық өсім қарқынының баяулауына қарамастан, Қазақстан өзінің азиялық әріптестерімен бірге тұрақты өсім деңгейін сақтап қалғанына кеңірек тоқталды. Еліміздің жаңа экономикалық саясатты қолға алып, орта мерзімді перспективада экономикалық өсімді кемінде 6 пайыз деңгейінде сақтап тұру сынды нақты мақсаты бар екенін жеткізді.

Өз сөзінде Президент Қасым-Жомарт Тоқаев былтырғы ел экономикасы 5,1 пайызды құрап, әлем экономикасының болжамды даму деңгейінен екі есеге жуық асып түскенін алға тарта келіп: «Қазақстандағы ашық есік саясаты, мол ресурстар және либералды нарықтық реформалар көптеген шетелдік, соның ішінде қытайлық компаниялардың да назарын аударды. Осы орайда, біз азиялық серіктестерімізді экономикамызға инвестиция құюға, өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа бағытта-

рын қарастыруға шақырамыз», – деді Президент.

СЫРТҚЫ БЕЛСЕНДІЛІКТІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Президенттің Қытайдағы жұмыс сапары еліміз үшін биылғы сыртқы алмасулардың алғашқы қадамдарының бірі. Боао Азия форумы секілді инвестициялық ағымға әсер ететін алаңдарды өнімді игеру жаһандық экономикалық белсенділіктің әлсіреген тұсында еліміз үшін аса маңызды. Қазір біз сыртқы сын-қатерлермен ішкі экономикалық, саяси хәм әлеуметтік реформаларды ұштастыру сынды аса ауыр міндетті өзімізге жүктеп отырмыз. «Жалпы ішкі өнім құнын екі еселеу» дейтін Президент ұсынған негізгі әлеуметтік-экономикалық мақсатымызды орындауда сыртқы қарым-қатынастарды меңгеруді және жаһандық құбылмалы жағдайға бейімделуді талап етеді. Бұндай кезеңде сыртқы белсенділік экономикалық даму үшін ең басты шарттың бірі. Былайша айтқанда, ішкі жаңа экономикалық саясатымызды, инвестицияға қолайлы және қажетті шартты түзіп отырғанымызды сыртқы халықаралық алаңдарда көрсете білуге тиіспіз. Президенттің Оңтүстік Қытай теңізінде басталған кезекті сапарының басты мәні де міне осында.

Естай
БОЖАН,
сарапшы.



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ТЕРРОРИЗММЕН ТЕГЕУРІНДІ КҮРЕС ҚАЖЕТ

Терроризм – ХХІ ғасырда жаһандық тұрақтылыққа төнген басты қатер. Әскери қуаты бойынша әлемдік рейтингілерді алғашқы тізімге енетін елдердің өзі терроризмнен келетін қауіптен қорғана алмауда. Терроризмнен төнетін қатердің ерекшелігі мүдделер қақтығысының асимметриялық, радикалды формада жүзеге асуында. Террористік ұйымдар қоғамдық үрей, белгісіздік тудыру арқылы саяси мақсатқа қол жеткізуді көздейді. Өткен аптада Ресейде орын алған террористік әрекет осының айғағы. Мәскеуде, Крокус сауда орталығында орын алған террористік шабуыл нәтижесінде 140 бейбіт тұрғын қаза тауып, 300-ден аса азамат жараланды. Мақаламызда терроризмнің жаһандық тұрақтылыққа төндіретін қатері мен реттеу жолдарын талдап көрелік.

- «Террор» сөзінің мағынасы латын тілінен аударғанда – үрей, қорқыныш дегенді білдіреді. Терроризм – күш қолдану идеологиясы арқылы халықты үрейлендіріп, жеке адамға, қоғам мен мемлекеттік жүйеге ықпал ету әдісі.



(Дереккөз: European Council on Foreign Relations).

дейін жалғасуда. Терроризмге қарсы күрес ұранымен Таяу Шығыстағы соңғы жиырма жылда орын алған саяси төңкерістер мен тұрақсыздық, исламфобияның үдеуі осының дәлелі.

Қандай да бір қоғамдық орында жарылыс орын алды делік. Аталмыш жарылыстың террористік акті ме, әлде оқыс оқиға екендігін қалай анықтаймыз? Мәселе орын алған шараның саяси контекстінде байланысты анықталады. Егер де қо-

ғамдық тұрақсыздықты қалыптастырушыларда нақты саяси мақсат болса, бұл террористік әрекеттің айғағы. Әдетте, террористік ұйымдар өзіне қоғам, медиа назарын аудару үшін адамдар көп жүретін қоғамдық террорлық актілер ұйымдастырады. Нәтижесінде қоғамда үрей, белгісіздік орнығып, халық өзін тұрақсыз сезінеді. Сондықтан терроризмнің мәні психологиялық негізде қоғамдық үрей, белгісіздік аясында ұстау арқылы саяси мақсатқа жетуге көзделген.

Еліміздің заңнамасында терроризм ұлттық қауіпсіздікке төнер бірден-бір қауіп ретінде қарастырылған. Экстремизм мен терроризм үшін қылмыстық жауаптылық ҚР Қылмыстық Кодексында қарастырылған. Соның ішінде терроризм актісін жасау, терроризмді насихаттау немесе терроризм актісін жасауға жария түрде шақыру, террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу, экстремистік немесе террористік әрекетті қаржыландыру және терроризмге, не экстремизмге өзге де дем берушілік, террористік не экстремистік әрекетті ұйымдастыру мақсатында адамдарды азғырып көндіру немесе даярлау, не қаруландыру, террористік немесе экстремистік даярлықтан өту үшін қылмыстық жауаптылықтар заңмен қарастырылған.

Мысалы, террористік топ құру, оған басшылық ету және оның әрекетіне қатысу үшін ең қатаң жаза – он бес жылға дейін бас бостандығынан айыру көзделсе, терроризм актісін жасаған үшін он бес жылдан жиырма жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға, не



(Дереккөз: rferl.org).

өмір бойына бас бостандығынан айыруға, не өлім жазасына кесілу көзделген.

Ресейде Крокус сауда орталығында орын алған әрекет – террористік акт деп танылды. Себебі, ұйымдастырушылардың саяси мүддесі айқын. Ресей Федералды қауіпсіздік қызметінің мәліметінше, содырлар шетелден бұйрық алу арқылы террорлық шабуылды ұйымдастырған. Террористік актіні ұйымдастырған деп Тәжікстанның төрт азаматы ұсталды. Террорлық акт орын алған сәттен кейін ДАЕШ ұйымы өз мойнына алып еді. Алайда, ресми Кремль террорлық әрекеттің артында Украина тұр деген ұстанымда. Себебі, де айқын, соңғы екі жыл бойынша Ресейдің Украина жеріндегі соғысы жалғасып келуде. Себебі, аталмыш террорлық шабуылды ұйымдастырушылар ретінде Украиналық бағытты көрсетіп, кезекті әскери мобилизацияны жариялау ықтималдығы жоғары.

Бүгінге дейін, Украина жеріндегі соғыс «карнайы әскери операция» аталып келсе, ендігі кезекті толық соғыс деп жариялануы ықти-

мал. Ресми Киев тарапы террорлық әрекетке қатысы жоқтығын мәлімдеді. Ресейдегі террорлық әрекетті ұйымдастырушы содырлардың көздегені қандай мақсат болса да, жапа шеккен бейбіт тұрғындар. Террорлық шабуылдың салдары күрделі сипатта бірнеше жылға созылады. Қазірдің өзінде террористік шабуылды жүзеге асырған азаматтардың бірегейлігіне қатысты мәселелер туындауда.

Терроризмнің ұлты мен діні жоқ, тек мақсаты бар. Терроризм жаһандық тұрақтылыққа төнген ортақ қауіп екендігі айқын. Келесі террорлық әрекеттің қайда, қашан боларын ешкім білмейді. Бір ғана шешім, жаһандық қауіп пен халықаралық ұжымдастық негізінде бірлесе күресу шарт.

Нұрболат
НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.





ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ:

ҚУАТТЫ ДИАЛОГ АЛАҢЫ

Халқымыз үшін Құрылтай шақырудың мәні мен мазмұны қашанда ерекше болған. Алтын Орда кезеңінен бастап құрылтай шақыру – маңызды саяси шешімдер қабылдауда халық пен билік өкілдері, азаматтық қоғам өкілдерімен талқылауда ауқымды саяси алаң болды. Жаңа Қазақстанда бүгінде Ұлттық құрылтай – Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультативтік-кеңесші орган ретінде жұмыс істеуде. Ұлттық құрылтай қызметінің мақсаты – қоғамдық бірігуді одан әрі дамыту, қоғамды ортақ идея аясына жұмылдыру. Ұлттық құрылтай әлеуметтік-саяси институт ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Заңдарын, Қазақстан Республикасы Президентінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады. Ұлттық құрылтайдың алғашқы отырысы Ұлытауда өтсе, екінші отырысы Түркістан қаласында өтті. Биыл үшінші рет Ұлттық құрылтай тарихымызда әкімшілік саяси шешімдер қабылдауда маңызды орталық болған Сарайшық қаласы орныққан Атырау қаласында өтті. Мақаламызда Атырау қаласында өткен III Ұлттық құрылтайдың ерекшелігі мен көтерілген мәселелерге талдау жасамақпыз.

• **Ұлттық құрылтайдың әлеуметтік-саяси институт ретінде міндеті – қоғамдық бірігуді дамыту, жалпыұлттық құндылықтарды ілгерілету және нығайту бойынша ұсыныстарды тұжырымдау, жүзеге асыру, саяси партиялардың, үкіметтік емес сектор мен мемлекеттік органдардың өкілдері арасында сындарлы диалогты қамтамасыз ету.**

Тарихта Талас құрылтайынан кейін Алтын Орда дербес мемлекет ретінде қалыптасты. Қарақұм және Ордабасы құрылтайлары ұлтты ортақ идеяға біріктіріп, елдігімізді бекіте түсуде маңызды рөл атқарды. Орынбордағы бірінші қазақ құрылтайында Алаш партиясы құрылды. Екінші құрылтайда Алаш автономиясы жарияланды. Яғни құрылтай ұғымы әлеуметтік-саяси алаң ретінде тарихымызбен қатар келе жатқан маңызды институт.

Атырау қаласында ұйымдастырылған III Ұлттық құрылтайда қоғамда қордаланған



мәселелер ашық талқыға түсіп, бағытымыз айқындалды. Ұлттық құрылтайдың Атырау қаласында өткізілуі идеялогиялық мәнге ие. Себебі, Атырау қаласы еліміздің экономикалық доноры ғана емес, ұлттық саяси институттардың қалыптасуында маңызды болған Сарайшық қаласы орналасқан қала. Әрине, құрылтайда ауқымды мәселелер талқыланып, нақты шешімдер айтылды. Мақаламызда III Ұлттық құрылтайда көтерілген мәселелерді бірнеше бағытқа бөліп қарастырамыз.

Біріншіден, Ұлттық құрылтай төрағасы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев нарықтық экономиканы қалыптастыру, мемлекеттік қызмет көрсету саласына цифрландыру, жасанды интеллектке негізделген технологияларды тиімді кіріктіру, еліміздің транзиттік-көліктік әлеуетін нығайту, отандық кәсіпкерлікті қолдау және экономиканың негізі болған инновациялық идеяларды мемлекет тарапынан қолдауды арттыру бойынша маңызды мәселелер бойынша нақты тапсырмалар берді. Мемлекеттің әлеуметтік бағыттағы саясаты елімізде жастарды, әлеуметтік топтарды қорғауды негізгі міндеті санайды.

Президент алғаш рет құрылтайда ауыл мен аудан орталықтарының тұрғындарына, халықтың әлеуметтік осал санаттарына бағытталған мөлшерлемесі 7 пайыздан аспайтын тұрғын үй бағдарламасын іске қосу туралы тапсырма берді.

Екіншіден, III Құрылтайдың ерекшелігі ана тіліміздің мәселесіне тереңінен тоқталуымен ерекшеленді. Соңғы отыз жылда мемлекеттік тіл мәселесі бірнеше рет саяси трибуналардан көтерілуде. Құрылтайда Президент интеллектуалды ұлт қалыптастыруда ана тіліміздің рөлі мен маңызы туралы нақты мәселелерді атап өтті. Ана тіліміздің мерейінің артуы әрбірімізге тікелей байланысты. Соңғы жылдары қоғамда әлеуметтік, мемлекеттік мекемелерде мемлекеттік тілге деген сұраныстың артқаны да баршамамызға белгілі. Бұл тұрғыда мемлекет тарапынан ана тіліміздің жаппай қолданысқа енуіне құрылымдық тұрғыдан қолдау көрсету маңызды. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ тілі мәртебесінің артқандығын, ғылым мен техника, бизнес тіліне айналғандығын нақты жүйелі мемлекеттік саясаттың нәтижесі екендігін атап өтті.

Елімізде адам капиталын қалыптастыруда мәдени орындардың рөлі ерекше. Біз оқитын ұлтқа айналуымыз қажет. Бұл тұрғыда құрылтай мүшелері ұсынысы аясында елімізде «Ұлттық кітап күні» арнайы мерекесі белгіленді. Еліміздің бас қалалары – Астана және Алматы қалаларында тәулік бойы қызмет көрсететін кітапханалар желісі ашылатын болады.

Үшіншіден, әрине өңірлер арасындағы даму алшақтығы үлкен мәселе. Ұлттық құрылтайдың мәні өңірдегі бірқатар инфрақұрылымдық, әлеуметтік, экологиялық мәселелерді шешуге нақты қадамдар жасау. Ұлттық құрылтай Ұлытау, Түркістан облыстарында ұйымдастырылған шақта да өңірге серпін беретін нақты жобалар жүзеге асқан еді. Бұл жолы Атырау облысына қатысты азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру, өңірлерді кешенді дамыту мәселелері бойынша нақты тапсырмалар беріліп, жергілікті азаматтық қоғам өкілдерінің пікірі тыңдалды.

Нұрболат НЫШАНБАЕВ,
сарапшы.

ҚАУІП ҚАЙДАН?

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Атырау қаласында өткен Ұлттық құрылтайда лудомания жайында сөз қозғады. Бұл дертпен күресу үшін арнайы заң қабылдану қажет екенін алға тартты.



Ернұр
РЫСБАЙ

«Тағы бір қауіпті кесел – лудомания, яғни құмарпаздық. Кейбір мәліметтерге қарасақ, 400 мыңға жуық азамат – букмекерлік кеңселер мен казинолардың тұрақты клиенті. Бұл – тұтас бір қаланың халық санына пара-пар көрсеткіш. Шын мәнінде, лудомания – бейбіт күнде елдің шырқын бұзып жатқан қатер. Соның кесірінен талай шаңырақ шайқалды. Талай азамат заң бұзып, қылмысқа ұрынды. Құмар ойын үшін қарызға батып, өзіне қол жұмсаған жандар туралы хабарлар, өкінішке қарай, күн сайын тарап жатады. Бұл дерт жас ұрпаққа өте үлкен зиян келтіреді. Онлайн-ойындар балалардың күнделікті ермегіне айналып барады. Құзырлы органдар былтыр интернет-казиноның белгісі бар 4 мыңнан астам сайтты бұғаттады. Өздеріңіз білетіндей, нашақорлық пен есірткі бизнесімен күресу үшін кешенді жоспар қабылданды. Лудоманиямен күресу үшін Үкімет осыған ұқсас құжатты бекітіп, осы зиянды тәуелділікті заңды түрде шектеуі керек», – деді Президент.

Алып шаһарымызда әрбір бесінші адам лудоман. Біреу білсе, біреу білмес құмар ойын адамның миын толықтай басқаратын күшке ие. Жастардан бөлек, отбасылы адамдар да бар дүниесінен ұтылып қалып жатқан жағдайлар кездесуде. Лудомания өмірінді қараңғы түнекке айналдыруға толықтай қауқарлы. Қаншама шаңырақты ортасына түсіріп, қанша өмірді

ҚҰМАР ОЙЫН ҚҰРДЫМҒА БАТЫРАДЫ...



(Дереккөз: qarmaqshy-tany.kz)

қиған қасірет. Құмар ойындарға тәуелділік күрделі қаржылық проблемаларға, отбасылық қарым-қатынастардың бұзылуына, жұмыссыздыққа әкеп соғады. Құмар ойындарға тәуелділіктен зардап шегетін адам көбінесе мінез-құлқын және іс-әрекетін бақылаудан қалады. Тапқан табысымды еселеп алсам, қайдан оңай ақша тапсам деген оймен жүреді. Алайда, жеңіл ақша тек қақпанда болатынын ұмытып кетіп жатады. Соңында салдарынан миллиондаған қарыздар, бақытсыз отбасы қалады. Құмар ойынның қасіреті мен зардабы туралы Мәжіліс депутаты Руслан Берденов көптеп қозғаған болатын.

«Мен Парламент қабырғасында букмекерлік кеңселердің

жарнамасымен күрескіміз келетінін мәлімдегеннен кейін, маған күн сайын шарасыз жастардан, олардың ата-аналарынан, әпкелері мен ағаларынан ондаған, жүздеген хабарламалар келіп жатыр. 2022 жылы 3600-ден астам қазақстандық өз-өзіне қол жұмсағанын, оның әрбір бесіншісі құмар ойыны екенін айттым. Жалпы айтқанда, қатаң позициямыз болмағандықтан өмірін құртқан жас ғұмыр туралы хабарды естуден шаршадық, нашақорлықпен ауыратын науқастарға тең адамға «тоқта» деп айта алмай отырмыз, – деген болатын Мәжіліс депутаты.

Лудоманияға шалдыққан адамды аңғару тіптен қиын емес. Бастапқыдан бірнеше рет қарызға ақша сұрайды. Одан кейін әртүрлі сылтаулар айтып, «шұғыл түрде қаражат керек» деп тағы алдайды. Кейбіреулері қарызға белшесінен батып жатса да тоқтамайды. Керісінше, өзін одан ары «қораға» тығады. Құмарлықтың кесірінен барында қанағат етпей, айырылып қалғанда өкінгеннен пайда жоқ.

Жалпы алғанда, қаламызда болатын қылмыстар, ажырасу фактілері, әртүрлі құқықбұзушылыққа себеп – құмар ойындар. Осы орайда Мәжіліс депутаты Руслан Берденовтың айтуынша, көптеген заң бұзушылықты лудомандар жасап жатыр.

«Тұтынушы несие нарығының кері көрсеткішінің басым бөлігін лудомандар құрайды. Олар бәс тігу үшін бәріне дайын. Несие алу, құқық бұзушылық, алаяқтық, тіпті ауыр қылмыс жасап жатыр. Еліміздегі 157 000 құқық бұзушылықтың 20%-ы немесе 31 000-ы құмар ойындары кесірінен жасалған, ал ажырасудың 38 пайызының себебі құмар ойындары. Ырысы төгілген жанұяның ауыртпашылығына кім жауап бермек?», – деді Р.Берденов.



ӘКІМ

ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ШЕШІМІН ТАБАДЫ

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесті

(Басы 1-бетте)

Сонымен қатар, 2023 жылы жалпы ұзындығы 5,1 км, оның ішінде «Құлагер» және «Айнабұлақ-2» ықшамауданында және Казаков, Бродский, Колпаковский-Есенов көшелерінде магистральдық жылу желілерін реконструкциялау жүргізілді.

«Биыл «Айнабұлақ-2, 3» ықшамауданында және Бродский көшесінде ұзындығы 3,3 км жылу магистральдарын реконструкциялау жұмыстарын жалғастырамыз», – деді мегаполис басшысы.

Көшелер жарқырайды

Жетісу ауданында сапалы сыртқы жарықтандырумен және электрмен жабдықтаумен қамтамасыз ету жұмыстары белсенді жүргізілуде. Электрмен жабдықтау желілері жаңғыртылды, шамдар мен кабель желілері ауыстырылды. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесу барысында хабарлады.

«Сіздің аудандағы өзекті мәселелердің бірі сапалы сыртқы жарықтандырумен қамтамасыз ету болып қала береді. 2023 жылдың қараша айынан бастап қазіргі уақытқа дейін ауданда 4 бригада жұмыс істейді, олардың 948 шам мен 7,7 км кабельдік желісі ауыстырылды. Биыл бұл жұмыстар жалғасуда және ішінара жарықтандырылмаған 40 көшеге көше жарығын орнату жұмыстары жүргізілетін болады», – деді Ерболат Досаев.

Сонымен қатар, өткен жылы Палладин – Павлодар – Боралдай көшелерінің алаңында электрмен жабдықтау желілерін жаңғырту жүргізілді. 21,5 км электр желілері салынды, 6 трансформаторлық қосалқы станция (ҚС) орнатылды. Осының арқасында биыл сәуір айының соңына дейін 1000-ға жуық абонент тұрақты электрмен қамтамасыз етіледі. Қала басшысы атап өткендей, «Кемел» ы/а электрмен жабдықтау желілерін жаңарту жұмыстары аяқталуда. 43,5 км желі салынды, 12 ҚС орнатылды, қалған 2 ҚС орнату жұмыстары жүргізілуде. 2024 жылдың сәуір айының соңына қарай тұрғындар қалалық электр желілеріне қосылады. Осы шағынаудан тұрғындарын толық қамту үшін қосымша 110 тірек орнатылып, Әлкисса, Октябрьская және Крестная көшелерінде шамамен 3 км кабель желісі салынды.

2023 жылы «АЖК» АҚ Электрмен жабдықтаудың 2 км әуе желісін, 17,7 км кабельдік электр желісін, трансформаторлық қосалқы станциялардың 10 тарату пунктін (РП/ТП) күрделі жөндеуден өткізді. Сондай-ақ, ағымдағы жөндеуден 50,8 км энергиямен қамтамасыз етудің әуе желілері және 88 РП/ТП қамтылды.

«2024 жылы «АЖК» АҚ инвестициялық бағдарламасы аясында 4,8 км кабельдік электр желісін қайта жаңарту, 14,8 км электрмен жабдықтау кабельдік желісін және 8,4 км энергиямен қамтамасыз ететін әуе желілерін күрделі жөндеу, 14 РП/ТП, 59,7 км әуе электр желісін және 47 ҚС ағымдағы жөндеу жоспарланған», – деп хабарлады шаһар басшысы.

Жұмыссыздар азайды

Жетісу ауданы – Алматыда өнеркәсіп және сауда көлемі бойынша көшбасшылардың бірі. Мәселен, 2023 жылы Жетісу ауданында өнеркәсіп көлемі 25,2%-ға, көтерме сауда –77%-ға өсті. Аудан экономикасына шамамен 100 млрд теңге инвестиция салынды, оның өсімі 30,4%-ды құрады.

«Бұл Алматы қаласының бюджетіне салық түсімін 33,6%-ға ұлғайтуға және 4809 жаңа тұрақты жұмыс орнын құруға мүмкіндік берді», – деп атап өтті Ерболат Досаев.

Алматының Жетісу ауданында 9,4 мыңнан астам заңды тұлға тіркелген, олар 44 мыңнан астам адамды жұмыс орындарымен қамтамасыз етуде. Сондай-ақ, 30,8 мыңнан астам шағын және орта кәсіпорындар жұмыс істейді. Алматы қаласының әкімі хабарлағандай, соңғы 2 жылда Жетісу ауданының бюджеті 2023 жылдың басындағы 7,5 млрд теңгеден 2024 жылы 20,5 млрд



теңгеге дейін 2,7 есеге ұлғайтылды. Олар инженерлік, әлеуметтік және жол инфрақұрылымын дамытуға басым бағыт беруде.

Әлеуметтік инфрақұрылым қалай дамуда?

2024 жылдың мамыр айында Жетісу ауданының Жұмысшы кентінде 240 адам қабылдайтын емхана ашылады, деп хабарлады мегаполис басшысы Ерболат Досаев халықпен кездесу барысында. Жөндеу бойынша барлық жұмыстар аяқталды, қазіргі уақытта денсаулық сақтау мекемесінің толыққанды жұмысы үшін құжаттар ресімделуде.

«Сонымен қатар, осы жылдың қазан айында Жетісу ауданында тағы екі жаңа емхана ашылады, оның біреуін 200 келушіге арнап «Саяхат» автовокзалы ауданында және 300 келушіні қабылдайтын «Құлагер» шағынауданында ашу жоспарлануда», – деді Ерболат Досаев.

Сондай-ақ, мегаполис басшысы медициналық қызметтерді алу үшін 2024 жылдың қаңтарында «Кемел» ы/а отбасылық дәрігерлік амбулатория ашылғанын еске салды. Алматы қаласының әкімі Жетісу ауданындағы ипподром жағдайына түсініктеме берді. Жетісу ауданының тұрғындарымен кездесу барысында Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев ипподром аумағында құрылыс салу мүмкіндігі туралы сұраққа жауап берді. Ол қаланың Бас жоспарында 2040 жылға дейін ипподромды пайдалану үшін учаскенің нысаналы мақсаты бекітілгенін атап өтті.

«Егер жер иелерінің бірі бірдеңе салу жоспарын айтса, бұл солай болады дегенді білдірмейді. Барлығы Бас жоспарға сәйкес, заң аясында болады», – деді Ерболат Досаев.

Екі саябақ салынады

«Жетісу ауданында 2024 жылдың маусым айының соңына дейін Есентай өзенінің бойында – «Көкжиек» ықшамауданында және Черновская көшесінің бойында екі саябақ пен жағалау аймағының құрылысын аяқтау жоспарланып отыр», – деп хабарлады қала әкімі Ерболат Досаев халықпен кездесуде.

Оның айтуынша, бұл жобалар 2023 жылы ауданда жайлы қалалық орта құру аясында басталған. Жоба аясында скейт алаңдар, футбол және баскетбол алаңдарын, балалар ойын және спорт кешендерін, серуендеу аймақтарын орната отырып, автоматты суару жүйесімен көгалдандыру арқылы жағалаулар мен саябақ аймақтарын жайластыру көзделген.

Жетісу ауданында ұзындығы 21 км-ден асатын көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 7 көшеде тротуарлар жасалады, деді Алматы әкімі Ерболат Досаев. Оның айтуынша, былтыр 21,8 км 17 көше жолдарына орташа жөндеу жүргізіліп, 10 көшеге ұзындығы 2,7 км тротуар салынған.

«Сонымен қатар, өткен жылы 5000 ш.м.

техникалық тротуарлар салумен жалпы ауданы 30,5 мың шаршы метр жолдарға ағымдағы жөндеу жүргізілді. 2024 жылы ауданы 35 мың ш.м. жолдарға ағымдағы жөндеу жүргізуді жоспарлап отырмыз», – деді қала басшысы.

«Жайлы мектеп»

Алматыдағы «Айнабұлақ» ықшамауданындағы жаңа балабақша биыл мамырда ашылады. Қала басшысы былтыр оқушы орындарының тапшылығын азайту үшін «Құлагер» ықшамауданындағы №148 мектеп-гимназиясына қосымша құрылыс салынғанын, №80 мектепте сейсмикалық күшейтумен күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгенін атап өтті.

«2024 жылы №103 мектепке 200 орынды, №112 мектепке 300 орынды қосымша құрылыстарды аяқтау бойынша жұмыстар жалғасып жатыр. «Жайлы мектеп» Ұлттық жобасы аясында 1200 орынды жаңа мектептің құрылысы басталады», – деді Ерболат Досаев.

Сонымен қатар, осы жылдың мамыр айында «Айнабұлақ» ықшамауданында 160 орынды балабақша ашу жоспарланған. Құрылыс аяқталды, ғимарат алғашқы келушілерді қабылдауға дайындалып жатыр. 2024-2025 жаңа оқу жылының басталуымен Жетісу ауданында 2 қосымша мектеп автобусы қатынай бастайды. Жоба былтыр балалардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін іске қосылды: қазір Жетісу ауданына 6 мектептен балаларды тасымалдайтын 23 автобус қызмет көрсетеді.

Автобустар жаңарады

Алматының Жетісу ауданында 65 автобус наурыз айының соңына дейін жаңасына ауыстырылады. Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев аудандағы жол-көлік инфрақұрылымындағы дамудың оң динамикасын атап өтті. Оның айтуынша, 2023 жылы тұрғындардың өтініші бойынша автобус маршруттарының бір бөлігі түзетіліп, ұзар-тылды, сондай-ақ қараша айында метроның «Райымбек батыр» станциясынан Алматы облысының Іле ауданындағы «Gate City» ТК-не дейін қатынайтын интервал аралығы 8 минуттық жаңа №89 қалалық бағыт іске қосылды.

2023 жылдың қорытындысы бойынша 12 маршрут жолаушылардың жайлылығы үшін қосымша жылжымалы бірліктермен – 51 автобуспен күшейтілді және 11 маршрутта 131 автобус толығымен жаңартылды.

«Биыл наурыз айының соңына дейін 3 маршрутта жайлылықты арттыру үшін 65 жаңа автобус есебінен жылжымалы құрамды толығымен жаңарту жоспарлануда», – деп нақтылады сөзін Ерболат Досаев.

Жол да жөнделеді

«Сәуір айында біз санитарлық тазалау мен абаттандыруды бастаймыз, ал ауа райы

қолайлы болған кезде біз жолдарды жөндеуге кірісеміз. Асфальтбетон зауытын біз ерте іске қостық. Биыл жолдарды ағымдағы жөндеуге ғана 500 млн теңге қарастырылған», – деді Ерболат Досаев.

Алматының Жетісу ауданында 2023 жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 40 жоба жүзеге асырылды. Ауданда жаяу жүргіншілер-серуендеу және саябақ аймақтарын жайластыру, балалар алаңдарын жөндеу, тротуарларды, пандустарды, арықтарды салу және жөндеу, дыбыс өткізбейтін экрандар орнату бойынша жаңа жобалар жүзеге асырылады. «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 2024 жылы осы мақсатқа 2 млрд теңге бөлінді. Бұл туралы Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Жетісу ауданының тұрғындарымен есеп беру кездесуінде мәлімдеді.

Қала басшысы 2023 жылы осы бағдарлама бойынша 40 жоба іске асырылғанын жеткізді, атап айтқанда, Серіков, Крыжицкий, Станиславский, Сералин көшелеріндегі ауалар мен балалар алаңдарын абаттандыру, Солтүстік айналма жолы, Жайсан, Бөкейханов көшелеріндегі скверлер мен жаяу жүргіншілер аймақтарын салу, «Құлагер», «Көкжиек», «Көкмайса», «Айнабұлақ» ықшамаудандарында, Жұмысшы кентінде тереңдетілген қоқыс контейнерлерін орнату, «Құлагер» ықшамауданында скейт және паркур алаңын салу, Кеңсуат, Қартқожа, Әлкиса көшелеріндегі, Райымбек даңғылындағы жаяу жүргіншілер көпірлерін абаттандыру.

Естеріңізге сала кетейік, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы азаматтардың жергілікті бюджет қаражатын бөлуге қатысуын көздейді. Тұрғындардың өздері абаттандыру идеясын ұсынады, оларды жоба деңгейіне дейін пысықтайды және онлайн дауыс беру арқылы жеңімпаздарды іріктейді. «Халық қатысатын бюджеттің» кез келген мәселесі бойынша қала тұрғындары аудан әкімдігінде, 1308 телефоны немесе budget.open-almaty.kz сайты арқылы Open Almaty әкімдігінің Қоғамдық қабылдау бөлмесінде кеңес ала алады.

ТҮЙІН:

Кездесу екі сағаттан астам уақытқа созылды. Шаһар басшысы тұрғындар тарапынан қойылған сұрақтардың ешқайсысын жауапсыз қалдырмады. Аудан тұрғындарын мазалаған мәселелерді тыңдап, жауапты мамандарға тиісті тапсырмалар жүктеті.

Әзірлегендер
Гүлжанат СЕМБАЕВА,
Досбол АТАЖАН.



ЭКОНОМИКА

МЕГАПОЛИС МҮМКІНДІКТЕРІ

Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуы артып келеді

Экономикалық даму өсті

Алматыда қысқа мерзімді экономикалық индикатор индексі 2024 жылдың алғашқы екі айында 1,7%-ға өскен.

Шаһар басшысы Ерболат Досаевтың айтуынша, мегаполистің әлеуметтік-экономикалық дамуы артып келеді. Ағымдағы жылдың екі айының қорытындысы бойынша қала экономикасының серпінді өсуі қамтамасыз етілді: Алматының қысқа мерзімді экономикалық индикаторы оң аймаққа 1,7%-ға өсіп, 101,7% -ды құрады. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер 55%-ға өсіп, 287,5 млрд теңгеге жетті. Жылдық инфляция қарқыны 2023 жылғы желтоқсандағы 10,2%-дан ағымдағы жылғы ақпандағы 9,9%-ға дейін баяулауды жалғастырды. Ерболат Досаев атап өткендей, көлік (+17,6%), байланыс (+4,2%) және өңдеу өнеркәсібі (+4,9%) экономика-ның драйверлері болды.

Негізгі капиталға салынған инвестициялар 24,5%-ға – 190 млрд теңгеге дейін, оның ішінде жеке инвестициялар – 23,8%-ға өсті. «Инвестициялар құрылымының сапалы өзгеруі байқалады. Ағымдағы жылдың қаңтар-ақпан айларында туризмде инвестициялардың айтарлықтай өсуі 4,6 есе (3,7 млрд теңгеден 17,5 млрд теңгеге дейін, үлесі – 9,2%), өңдеуші өнеркәсіпте – 3,6 есе (3,3 млрд теңгеден 12,1 млрд теңгеге дейін, үлесі – 6,4%) және IT-секторда – 2,1 есе байқалды (6,1 млрд теңгеден 13,1 млрд теңгеге дейін, үлесі – 6,9%)», – деді мегаполис басшысы.

Сондай-ақ, қаржы қызметіне инвестициялар 50,5%-ға (9,8 млрд теңге, үлесі – 5,1%), тұрғын үй құрылысына – 4,8%-ға (88,5 млрд теңге, 46,3%) өсті. Нәтижесінде инвестициялардағы басым салалардың үлесі өткен жылдың 2 айындағы (13 млрд теңге) 8,7%-бен салыстырғанда, 22,5%-ға (42,7 млрд теңге) дейін артты. 2024 жылы Алматы экономикасының тұрақты өсуі 2 трлн теңгеден астам инвестиция тарту есебінен қамтамасыз етіледі, инвестициялардың өсуі 10%-ды құрайды, оның 90%-ы – жеке (1,8 трлн теңге).

Қала бюджеті әлеуметке бағытталады

Мемлекет басшысының Алматы сапары кезінде баяндама жасаған қала әкімі



Ерболат Досаев шаһар экономикасының биылғы даму перспективаларын атады. Оның айтуынша, 2023 жылдың қорытындысы бойынша қала экономикасы 7,5%-ға өскен.

Жоғары база аясында 2024 жылы Алматының жалпы өңірлік өнімінің (ЖӨӨ) өсуі 25,4 трлн теңге көлемінде 5,5% деңгейінде болжанады.

2024 жылға арналған қала бюджеті 1,62 трлн теңгеден астам мөлшерде бекітілді. Оның ішінде ағымдағы шығыстарға бюджеттің 68,4% бағытталады, бұл 1,1 трлн теңгеден асады. Қаланың даму бюджеті 233 млрд теңге болды.

Алматы басшысы атап өткендей, қала бюджетінің басым бөлігі әдеттегідей әлеуметтік салаға бағытталады және бірінші кезекте ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алматының орта мерзімді дамуының негізгі бағыттары бойынша тапсырмаларын іске асыруға жұмсалады. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту мен жаңғыртуға, білім беру және денсаулық сақтау қызметінің қолжетімділігі мен сапасын арттыруға баса назар аударылады.

Жаңа платформа – оқушылар үшін

Биылғы сәуірде Алматыда Cambridge International компаниясының математика және нақты ғылымдар бойынша жалғыз азиялық серіктес компаниясы – Marshall Cavendish-пен бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру басталады. Бұл туралы да Мемлекет басшысының алдында баяндама жасаған мегаполис басшысы Ерболат Досаев айтты.

Жаңа білім беру әдістерін енгізу, соның ішінде Сингапур – Marshall Cavendish – PISA көрсеткіштерін жақсарту үшін қажет. Бұл халықаралық тестілеу әртүрлі елдердегі оқушылардың функционалдық сауатын және теориялық білімді тәжірибеде қолдана білуін бағалауға мүмкіндік береді.

«Биыл мамыр-желтоқсан айлары аралығында ЭЫДҰ (экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы) стандарттарын қолдана отырып, 50 PISA жаттықтырушысы оқытылады. Қыркүйек айында 14 PISA құзыреттілік орталықтарында табысты мектеп моделі –

School Excellence Model енгізіледі. Алдағы оқу жылының басында қаланың барлық мемлекеттік мектебінде PISA Artificial Intelligence платформасы енгізіледі», – деді Ерболат Досаев.

Шаһар басшысының айтуынша, ұсынылған іс-шаралар тестілеу нәтижесі бойынша оқушылардың көрсеткішін жақсартуға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, PISA–2022 халықаралық зерттеуінің қорытындысы бойынша алматылық оқушылар Қазақстан бойынша бірінші орынды иеленді.

Ауқымды істер көп

345 инфрақұрылымдық жоба қолға алынады

Алматыда жақында іске асыруға тиісті инвестициялық жобалар пулы бар. Бұл туралы Мемлекет басшысы алдында баяндама жасаған қала әкімі Ерболат Досаев мәлімдеген болатын.

Шаһар басшысының айтуынша, ТКШ саласында 370 шақырым сумен жабдықтау және 509 шақырым – су бұру, 74,4 шақырым – жылумен жабдықтау, 89 шақырым – электрмен жабдықтау, 44 шақырым қала сыртындағы коллекторлар мен 23 қазандық-ты қайта жаңарту көзделіп отыр.

Жол-көлік инфрақұрылымы бойынша 7 көшеге: Мұқанов, Тілендиев, Райымбек, Абай 1 уч., Хмельницкий, Солтүстік айнама және Оңғарсынова көшелерін ұзарту жүргізіледі. «Рахат-Мәдениеті», «Боралдай», «Теректі», «Жас қанат» сынды 4 шағынауданда 2 автопарк пен 82,4 км жаңа жол салу жоспарланған.

Денсаулық сақтау саласында 2 көпбейінді аурухана, 8 емхана, 4 МСАК орталығы (Медициналық-санитарлық алғашқы көмек), 2 перзентхана салынып, 6 нысан қайта жаңартылады. Білім беру инфрақұрылымы бойынша 5 жаңа мектеп пен 7 балабақша салу, 14 мектеп пен 15 балабақша ғимаратын сейсмикалық күшейту жоспарланған.

Сонымен қатар, қоғамдық кеңістікті абаттандыру үшін 8 өзен арнасы, 8 саябақ аймағы және 24 субұрқак кешені жаңғыртылады.

Индустриялық аймақты дамытудың II кезеңі аясында оны 194 гектарға кеңейту үшін инженерлік инфрақұрылым салынады.

ӘКІМ ТАПСЫРМАСЫ

ҚАЛА ҚҰРЫЛЫСЫ:

жаңа талаптар енгізілді

Алматы қалалық жоспарлау және урбанистика басқармасының хабарлауынша, мегаполисте қала құрылысына жаңа талаптарды енгізу бойынша шаралар кешені жүзеге асырылып жатыр.

Басқарма өкілдері аталған шаралар өткен жылдың тамыз айында ҚР Президенті берген тапсырмаларды орындау аясында жүзеге асып жатқанын айтты. Қала құрылысы бойынша жаңа талаптар Алматының 2040 жылға дейінгі Бас жоспарына сәйкес белгіленіп, қаланы полицентрлік дамытуға; тұрғын үй мен әлеуметтік нысандардың сейсмикалық қауіпсіздігін күшейтуге; нүктелі құрылысты болдырмауға; әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз етуге; орташа қабатты құрылысқа (5-6 қабат) көшуге бағытталған.

Биыл жаңа талаптарды ескере отырып, 2 млн шаршы метр тұрғын үйді пайдалануға беру жоспарланған. Өткен жылы 2,5 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілген.

Айта кетейік, жаңа Бас жоспар жеті негізгі қағида-

қа негізделген: жайлы қалалық орта, тұрақты экономикалық өсім, басқарылатын урбанизация, әлеуметтік тұрақтылық, цифрландыру, қауіпсіздік және Алматыға «Бақ қала» мәртебесін қайтару. Жаһандық құжат тұрғылықты жеріне қарамастан, барлық қала тұрғыны үшін инфрақұрылымы дамыған және қолайлы ортасы бар қолайлы мегаполис ретінде Алматының тұрақты теңгерімді дамуын қамтамасыз етеді.

Оның негізгі аспектілері мен алдыңғы құжаттардан айырмашылығының бірі дамудың моноцентристік моделінен қалада бес жаңа полицентристік құруға көшу болды. Олардың әрқайсысы өзін-өзі қамтамасыз ететін ауданға айналады және реттелетін урбанизациясы бар аумақтың тұрақты даму принципін мен жағдайын қамтамасыз етеді.

ҚАНАТҚАҚТЫ ЖОБА

Мемлекеттік саясаттың маңызды бір тармағы – жастарды қолдау. Бүгінгі таңда бұл бағытта атқарылып жатқан ауқымды шаралар көп-ақ.

Жастарды қолдауды мақсат еткен жобалардың бірі – Zhas Project жобасы. Жас буынның жарқын болашағы үшін қолға алынған жоба аясында биыл ел жастарына 1 миллион теңге көлемінде шағын грант берілмек. Жобаға қатысу үшін өтінім беру басталды.

Zhas Project жобасына NEET санатындағы, яғни, 18–34 жас аралығындағы жұмыссыз жастар қатыса алады.

Өтініштер 24 сәуір сағат 23.59-ға дейін қабылданады. Өр өңір бойынша жобаны басқаратын және өтініш қабылдайтын ҰЕҰ-мен байланыс мәліметтері cisc.kz сайтында, Zhas Project

АЛМАТЫ ЖОЛДАРЫ

ЛЮКТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ МЕРЗІМІ ЕКІ ЕСЕГЕ ӨСЕДІ

Алматыда 2024 жылы қолданыстағы жол люктерінің төрттен бірі ауыстырылады.

Мегаполисте жол-көлік инфрақұрылымын модернизациялау жұмыстары жүргізілуде. Мәселен, 2023 жылы қала жолдарында 2 мың «қалқымалы» люк орнатылған.

Қала әкімінің айтуынша, ағымдағы жылы тағы 10,2 мың осындай люк орнатылады. Бұл жолдардағы барлық люктердің 25%-ын ауыстыруға мүмкіндік береді. Жалпы, бұл люктерді пайдалану мерзімін 2 есеге – 4 жылдан 8 жылға дейін ұлғайтуға және жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бекіту әдісіндегі «қалқымалы» люктердің ерекшелігі: олардың жылжымалы корпусы бар, олар кәріз құдықтарына қосымша жүктеме жасамайды, сондықтан құрылым ұзақ уақыт бойы тұрақты және ұзаққа жарамды болады.

ШАҒЫН ГРАНТ

Жастарға 1 миллион теңге беріледі

бөлімшесінде көрсетілген. 25 сәуір мен 14 мамыр аралығында өтінімдер іріктеліп, 15 мамырда конкурс нәтижесі жарияланады.

Жастарды қолдауды мақсат еткен жоба елдің 20 өңірін қамтиды.

Грантты иеленгеннен кейінгі басты талап – жобаны 4 айда жүзеге асыру. Тәжірибесі толыспаған жастардың қанатқакты жобалары жемісті болу үшін әр өңірде қолдау орталығы жұмыс істейді. Орталыққа жүгінген жас кәсіпкер көкейіндегі әлеуметтік, экономикалық, құқықтық сауалдарына кәсіби мамандардан жауап, кеңес ала алады. Айта кетейік, биыл 280 жобаны қолдау жоспарланып отыр.



Айта кетерлігі, қазіргі уақытта Алматы жолдарында 40 мың люк орналасқан, оның 38 мыңы – ескі үлгідегі. Олар тез тозады және температураның өзгеруіне байланысты пайдалану сапасын жоғалтады.

Бетті әзірлеген Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



БРИФИНГ

Мегаполистегі волонтерлік жұмыс жыл өткен сайын қарқын алуда. Алматы қаласы Жастар саясатын дамыту мемлекеттік қоры директорының міндетін атқарушы, Алматы қаласы еріктілер фронт-офисінің басшысы, «QAMQOR CHARITY» қоғамдық қорының төрағасы Бағдат Анарбаева Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен брифингте волонтерлік қызметті дамыту бойынша іске асырылып жатқан жобалар туралы айтып берді.

ВОЛОНТЕР БОЛУ –
ОЛ ДА ЖҮРЕКТІҢ КЕҢДІГІНұржамал
ӘЛШЕВА

Оның айтуынша, мегаполисте барлығы 30-дан астам ірі еріктілер ұйымы бар, ал волонтерлардың жалпы саны 50 мыңнан асып жығылады.

«Быттыр біздің волонтерлар 600-ден астам іс-шара мен акциялар өткізді. Түркиядағы жер сілкінісінен зардап шеккендерге 50 тоннадан астам гуманитарлық көмек, Абай ауданындағы өрттен зардап шеккендер үшін 5 тоннадан астам көмек жиналды. Демеушілердің қолдауымен еріктілер 10 мың аз қамтылған отбасына, 350 жетім балаға және 800-ден астам қарттарға көмектесті», – деді Бағдат Анарбаева.

Ал биыл қазірге дейін 100-ден астам іс-шара ұйымдастырылды. Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасымен және Төтенше жағдайлар департаментімен бірлесіп, 300-ден астам еріктіні сейсмикалық қауіпсіздік туралы ақпараттандыру жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі күні «QAMQOR CHARITY» қоры ірі әлеуметтік жобаларға мұрындық болып жүрген іргелі ұйым. Еріктілер штабында әртүрлі жобалар жүзеге асырылды. ӨКҚ спикерінің айтуынша, биыл ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды әлеуметтендіруге және оқытуға жәрдемдесуге бағытталған «Әлеуметтік шеберхана» жобасы іске асырыла бастады.

«Қазіргі уақытта Жастар саясаты басқармасының қолдауымен қалада волонтерлардың фронт-офисі жұмыс істейді. Онда еріктілер жұмысын жандандыруға, дамытуға бағытталған «шеберлік сабақтары», семинар-тренингтер ұйымдастырылады. Еріктілер басқаларға көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар көшбасшылық, коммуникативтік және жобаларды басқару дағдыларын дамытады», – деді спикер.

Айтпақшы, қайырымдылық іспен айналысып жүрген жастар жұмысқа тұратын кезде түйіндемесіне волонтерлік тәжірибесін де көрсете алады. Себебі, көптеген мекеме-ұйым осындай санасы сергек, елгезек, қайырымды жастардың бұл артықшылықтарын міндетті түрде ескеріп жатады деді спикер.

ІС-ШАРА

ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ!



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Қазақстан Республикасында нашақорлыққа қарсы күрестің 2023–2025 жылдарға арналған кешенді жоспарының іс-шараларын жүзеге асыру мақсатында «Психикалық денсаулық орталығы» (наркологиялық қызмет) Алматы қаласы Білім басқармасымен және «Нашақорлыққа қарсы күрес» департаментімен бірлесіп, қаладағы білім беру ұйымдарының студенттері арасында «Жастар нашақорлыққа қарсы!», «Есірткі ешқайда бармайтын жол...» атты профилактикалық іс-шаралар өткізді.

Шаһардағы білім беру мектептеріндегі зиянды заттарға қарсы, соның ішін-

де есірткіге жол бермеу үшін бірқатар түсіндіру және алдын алу жұмыстары

ЖИЫН

«ТӘУЕЛСІЗДІК МАРШЫ»

Бауырлас ел маңызды датаны еске алды

Алматыдағы Еуразия ғылыми-зерттеу институтында өткен отырыста бауырлас түрік жұртының ұлттық әнұраны қабылданған тарихи күн аталып өтті. Әрі тарихи жырға арқау болған Чанаккале құрбандары еске алынды.

Естай
БОЖАН

Бұдан 103 жыл бұрын, 1921 жылы 12 наурызда Ахмет Акиф Ерсойдың «Тәуелсіздік маршы» атты рухты жыры Түркия Республикасының ұлттық әнұраны болып қабылданған болатын. Түріктің әйгілі ақыны Ерсойдың жырына арқау болған Чанаккале оқиғасы да осы тарихи датамен бірге бауырлас түрік елінде еске алып келеді.

Еуразия ғылыми-зерттеу институтында өткен жиынға Түркия Республикасының Алматыдағы бас консулы Эврен Мүддерисоглу қатысып, ел тарихындағы елеулі күн мен тарихи жырға қатысты сөз сөйледі. Ол «Тәуелсіздік маршы» түрік халқының мақтанышы екенін, онда халқының өткені мен бүгіні және болашақ арман-мақсаты бейнеленгенін тілге тиек етті.

Бұдан тыс жиынға Ахмет Яссауи университеті қамқоршылар кеңесінің төрағасы Мухиттин Шимшек, ТҮРКСОЙ Жазушылар



одағының төрағасы Ұлықбек Есдәулет, Еуразия ғылыми-зерттеу институтының директоры Суат Бейлур, «Alatau Aqparat» медиахолдингінің директоры Ержан Қалымбайұлы және әл-Фараби университетінің Шығыстану факультеті аға оқытушысы Нұрат Илияс қатысты.

Ақын Ұлықбек Есдәулет бұдан бір ғасырдан астам уақыт бұрын жазылған тарихи жырда тұтас түрік жұртына ортақ поэтикалық сарын мен биік суреткерлік жатқанын айтып өтті. Әрі ақын Ахмет Акиф Ерсойдың

өз дәуіріндегі әрбір түрік азаматының көңіліндегі айтқысы келген сөзді тап басып тапқан ақындық дарыны туралы терең толғанысын жеткізді.

Шығыстанушы Нұрат Илияс Чанаккале оқиғасына қатысты тарихи оқиғалар туралы және Чанаккале жеңісінің Орта Азиядағы түрік елдеріне қалай әсер еткені туралы өз пікірімен бөлісті. Сондай-ақ, түрік елдері арасындағы қарым-қатынастың өткені мен бүгініне қатысты жаңаша көзқарастарымен бөлісті.

«ЖАСЫЛ АЛМАТЫ»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ
АКЦИЯ ӨТТІ

Эконауқанға қала тұрғындары, еріктілер, студент-жастар, экологияға бей-жай қарай алмайтын жанашыр жандар қатысты. Аталған іс-шара қатарынан 20-шы рет ұйымдастырылып отыр.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

материалдар мен 3000 кг қайта өңдеуге арналған заттар жиналды. Оған 1500-ден астам адам қатысты.

«Негізгі мүдде – бұқараны экологиялық тазалықты сақтауға, сондай-ақ экобелсенділікті арттыруға шақыру. Егер әрбір жан өз ауласын, тұрып жатқан мекенін таза ұстаса, тазалықты балабақша, мектеп жасынан бастап үйретсе, нұр үстіне нұр болар еді», – деді эколог-маман Пакизат Сайлаубекова.

Экоакция аясында көпшіліктен әртүрлі заттар, соның ішінде киім, кітаптар, аяқкиім, тұрмыстық заттар және т.б. қайырымдылық ұйымдарына беру үшін қабылданды.

Іс-шараның бар болғаны 4 сағатында 2 тоннаға жуық қайта өңделетін

ЖАРЫС

АРДАГЕР
ШАХМАТШЫЛАР
САЙЫСЫ

Алматыда алғаш рет ардагер шахматшылардың біріншілігі өтті. Жарыс жеңімпазы Қазақстан чемпионатына қатысады.

Досбол
АТАЖАН

Қазір дүниежүзілік ФИДЕ бойынша шахматтан ардагер-сеньорлар жарысын жыл сайын өткізу қолға алынған. Осыған орай Қазақстан біріншілігі сәуір айының 20-сынан кейін Петропавл қаласында өтеді. Онда чемпион болған шахматшы әлем біріншілігіне, ал екінші орын алған жүлдегер Азия біріншілігіне қатысуға жолдама алады. Бұған дайындық ретінде Алматы қаласында ардагер шахматшылар арасында қалалық жарыс өтті. Сайыс мегаполисте бірінші рет ұйымдастырылды. Біріншілікке қатысушылар екі жас категориясы бойынша – 65-тен және 50-ден асқан шахматшылар тәртібіне сәйкес бақ сынады. Ойын дәстүрлі швейцар жүйесімен өтіп, тоғыз кездесумен аяқталды.



65 жастан асқан жиырма сегіз шахматшы арасында 8 ұпай жинаған Берік Тілеуімбетов чемпион атанды. 7 ұпаймен Алексей Блохин екінші, ал одан жарты ұпай кем көрсеткішпен Сабыр Сыздықов үшінші орынды иеленді.

50 жастан асқан шахматшылар арасында 9 ойынның бәрінде жеңіске жеткен Кирилл Карпунин жеңімпаз тұғырына көтерілді. 7 ұпаймен Мәлік Төрекешев екінші, 6 ұпаймен Арсилан Алахунов үшінші орынға шықты.

Әйелдер арасында ерлермен қатар ойнап, 5 ұпай жинаған Ирина Буланова чемпион атанса, 4,5 ұпаймен Елена Гайченя екінші болды. 4 ұпаймен Әсия Ахметова үшінші орынға жайғасты.

Жүлдегерлерге арнайы дипломдар мен ақшалай сыйақы тапсырылды. Оларды Алматы қаласы шахматшылар одағының өкілі Серікгүл Нұрғалиева шахмат біріншілігіндегі жеңістерімен құттықтады.

Олжас МҰРАТБЕКҰЛЫ.



ШӘКЕН АЙМАНОВ – 110

Шәкен Айманов дегенде ойымызға бірден «Біздің сүйікті дәрігер», «Дала қызы», «Атамекен», «Тақиялы періште», «Алдар көсе», «Атаманның ақыры» сынды фильмдердің орала кететіні бар. Бұл туындылар қазақ кино өнеріне көркемдік төлтумалық дарытқан өміршең шығармалар.

Ал «Атаманның ақыры» – Аймановтың ең соңғы картинасы. Толықметражды, детектив жанрында түсірілген тұңғыш қазақ көркем фильмі. 1920-1921 жылдардағы Қазақстан мен Қытайдың Шыңжаң-Ұйғыр аймағындағы тарихи оқиғалар жайлы баяндалады. Басты рөлдегі Қасымхан Шадиаровты кино және театр актеры, КСРО, Қазақстанның Халық артисі Асанәлі ӘШІМОВ сомдаған. 1972 жылы осы фильм үшін А.Михалков-Кончаловский мен Э.Тропининге (сценарий авторлары), А.Әшімовке Қазақстан мемлекеттік сыйлығы берілді. Бүгін оқырман назарына «Шадиаровпен» құрған сұхбатымызды ұсынамыз.

Асанәлі ӘШІМОВ:

«МҰНДАЙ МӘРТТІК ТЕК ШӘКЕННІҢ ҒАНА ҚОЛЫНАН КЕЛУШІ ЕДІ!»

Нұржамал
ӘЛШЕВА

«ОЛ – ШӘКЕН ҒОЙ!»

– Асанәлі аға, бұрынырақта берген бір сұхбатыңызда «түске дейін Бекежан, түстен кейін Қасымхан болып ойнаған күндерім басталды» депсіз. Дәстүрлі сұрақ: бұл картинаға қалай келдіңіз? Сонда бұл фильм «Қыз Жібекпен» қатар түсірілген болды ғой?

– «Атаманның ақыры» қазақ тарихында детектив жанрындағы тұңғыш фильм болса, «Қыз Жібек» – тұңғыш тарихи фильм. «Қыз Жібекті» әуелі Шыңғыс Айтматовтың беделімен қырғыздар түсірмек болған. Мәскеуден рұқсат та алып, жоспарға енгізген. Біздің «Қараш-қараш оқиғасын», «Көксеректі» де түсіріп жүрген сол қырғыз режиссерлары ғой. Өздерінде жөнді тарихи, салмақты материал жоқ, сондықтан біздің шығармаларға қызыға береді. Бірақ айту керек, ол тұстағы қырғыз режиссерлары мықты болды.

Содан бұл картинаға өкімет араласып, Димекең (Дінмұхамед Қонаев) «Біздің фильмді неге қырғыздар түсіруі керек?» деп намысқа тырысып, тартып алғандай болды. Рөлдерге сынақ басталып кетті. Қыз Жібектің рөліне 500-дей қыз түсуге ынға білдірген. Бәрі бірдей экранға түспесе де, сурет арқылы сынаққа түскендер өте көп болды. Бекежан рөліне Ыдырыс Ноғайбаев, Нұрмұхан Жантөрин, Кәукен Кенжетасов, Әнуар Молдабеков және мен «таластық». Бәсеке-лестерім – кілен мықтылар. Сосын театрға келіп, цехтан костюм мен дулығаны тандап киіп, қазіргі тілмен айтқанда, кастингтен өтуге бардым. Ықыласым аса жоғары, осы рөлде қалайда ойнағым келеді.

Сынақ кезінде оң жамбасыма келетін үзінді берілді. Ғабит Мүсірепов менің ойынымды көріп, «Бекежан мынау ғой!» депті. Сөйтіп, жұлдызым жанып шыға келдім. Қуанышыма шек жоқ.

Жалындап тұрған жастық кезең. 31-32-дегі кезіміз ғой. Бойдағы күш-қуат асыптасып тұрған шақ. Оған дейін Бекежан рөлін опералық театрдан көріп жүргенім бар, сондықтан асқан ықыласпен кірісіп кеттім. Бірақ режиссермен келісіп алдым. «Мен Бекежанды ел аузындағы дөрекі, ұрда-жық, қарақшы бейнесінде емес, бір басында ақылдылығы да, аңғалдығы да бар, жерін сүйген ақ жүрегі, елін қорғайтын білегі бар нағыз дала серісі етіп көрсетем», – дедім. Режиссер келісті. Маған бұл рөлді ойнауда толықтай еркіндік берілді.

Бір күні Шәкен аға Аймановтан хабар келсін. «Атаманның ақыры» фильмінің сценарийі бекітіліп, оған актерларды іріктеу басталғанда: «Басқа кейіпкерлерде шаруам жоқ. Қасымхан Шадиаровтың рөліне даярлап отырған адамым бар. Ол – Әшімов», – деп комиссия жиналысында отырып алыпты. «Арманым болған Бекежан образына қолым енді жеткенде, бұл қиын болды ғой?..», – деймін Шәкенге артық сөз айта алмай күмілжіп. Шындығын айтқанда, екі рөлді қалай алып жүремін деп шамалы тартындым. Маған әзірге беймәлім Қасымханнан гөрі Бекежанға көбірек көңілім ауып тұр. Сонда Шәкен: «Ақымақ болма! Шет елдің артистері

бір уақытта төрт фильмге қатар түседі. Осы фильм маған жүктелгенде, басты рөлде мен сені көрдім. Қалған әңгімені кейінге қалдырайық», – деп әңгімені қысқа қайырды. Келіспеске шараң жоқ. Ол енді Шәкен ғой!

Сөйтіп, қос фильмнің қос кинорежиссері Сұлтан Қожықов пен Шәкен Айманов менің «Қыз Жібек» пен «Атаманның ақырындағы» мәселемді шешуге кірісті. Арнайы жұмыс кестесі жасалды. Ең бастысы, өзара түсіністіктің болуына көп көңіл бөлінді. Сосын түске дейін Бекежан, түстен кейін Қасымхан болып ойнаған күндерім басталып кетті.

АҚЫЛДЫ АДАМЫ

– Екі картина бір-біріне мүлдем ұқсамайтын екі кезеңді баяндайды. Бір күнде бір образдан шығып, екінші образға ене кету қиынға соққан жоқ па?

– Қиынға соққан жоқ. Қайта екі рөлдің бір-біріне тигізген көмегі көп болды. Қызуқанды рөлден салқынқанды рөлге енудің өзі бір ғанибет еді! Екі рөлге де асығып тұратынмын. Бойымда не бар, соның бәрін аяусыз бердім, жанымды салдым. Бекежанның эпизодына түсіп келген соң, Қасымхан оңайлау берілетін. Қызуқанды Бекежанның мінезін сәл сабасына түсіре қойсам, Қасымханның характерін дәл ұстап аламын. Өйткені, Қасымхан – әр қадамын аса сақтықпен жасайтын ақылдың адамы. Өйтпесе, ол барлаушы болып, мемлекеттік деңгейдегі маңызды тапсырманы орындай алар ма еді. Ал керісінше, Қасымханнан кейін Бекежанның жан-дүниесіне ену қиындау тиетін. Оған өте сақ чекіст сияқты ұзақ ойланып отырсаң, қате қадам жасамауға тырысамын деп қарайлай берсең, аңғалдау батырдың бейнесінен мүлде аулақтап кетер едің.

«Атаманның ақырында» да маған толықтай еркіндік берілді. Негізгі партнеры – Шәкеннің өзі. Үлкен, ірі пландарда Шәкеннің өзі кадр сыртында менімен «сөйлесіп» отырады. Шәкенді алдауға болмайды. Жанымыз лүпілдеп, әр дубльді табиғи ойнауға тырысатынбыз. Актердің жүрегі өз кеудесіне сыймай лүпілдеп ала жөнелсе, сол жерден бірнәрсе шығады деген сөз. Солай болды. Екі фильмді де экранға абыроймен алып шықтық қой.

«Атаманның ақыры» «Қыз Жібектен» кеш басталғанымен, бір жылға жетпей, 11 айда түсіріліп бітті. Бұл кино саласының сол кездегі өлшеммен бағалағанда рекордтық көрсеткіш болатын. Осыншалықты қысқа мерзімде көркемдік деңгейі биік классикалық туынды түсірудің негізгі кілті – өз ісінің нағыз маманы атанған кіл мықтылардың топтасуы болды. Фильмді қойған кинорежиссер Шәкен Аймановтан бастап, ассистенті – Қуат Әбусейітов, операторы – Асхат Ашрапов, композиторы Еркеғали Рахмадиев бастаған шын дарындар фильмге мәңгілік ғұмыр сыйлады.

– Жоғарыда айтып кеткеніңіздей, «Қыз Жібекті» о баста қырғыздар түсірміз депті. Ал «Атаманның ақырына» ұйғыр ағайындардың «таласқаны» рас па, аға?

– «Атаманның ақырындағы» Қасымхан Шадиаров – өмірде болған адам. Қасымхан Шанышев деген татар шатыс қазақ. Жалпы, бұл фильм Димекеңнің тапсырысымен



Суретті түсірген Самат ҚҰСАЙЫНОВ

түсірілген. Сол жылдары «Известия» газетіне Шадиаров туралы бір мақала жарияланып, Димекең Шәкен жолығып қалғанда, «Мынау киноға сұранып тұрған дүние екен» дейді.

«Атаманның ақыры» түсіріліп біткенде, Димекең Шанышевтың алыс туыстары келеді. Татар ұлтынан. Иә, ұйғырлар да «бұл біздікі» деген жағдайлар болған. Дутовты өлтірген Шадиаров емес, ұйғырлар деді. Олардың алға тартқан уәжі – Шанышевтың жанында жүрген оң қол, сол қолдары ұйғыр болған. Махмуд Қожамияров деген ұйғыр оң қолы болған. Дутовтың басын кесіп алып, қапқа салып әкелген сол болуы керек. Ал негізгі операцияны басқарған – Шанышев. Ол байдың баласы болған. Байдың тұқымы-сың деп қудалаған соң ол осы операцияны мойнына алған. «Қиын операцияны жасап, сіздердің алдарыңызда өзімді-өзім ақтаймын» дейді. Операцияны өте сәтті ұйымдастырады. Бірақ біраз уақыт өткеннен кейін «бұл бәрібір байдың баласы, дос бола алмайды, сенуге болмайды» деп ізіне түскен соң тау арқылы қырғыз еліне қарай қашқан. Содан із-түзсіз кеткен.

«БАЛА, ЖАҚСЫ!»

– Фильмнің 90 пайызы Өзбекстанда, 10 пайызы Қазақстанда түсіріліпті. Неге?

– Ол тұста электр сымдары мен асфальт жолдары жоқ кентті немесе қаланың бір бөлігін табу қиынның қиыны еді. Фильм оқиғаларындағы XX ғасырдың 20-жылдарына тән көріністер сонау алыстағы Хиуадан табылды. Сөйтіп, фильм кадрларының біраз бөлігі Өзбекстан жерінде түсірілді. Хиуа шаһарындағы орталық базар, керуен сарай, қамал қабырғалары картина желісімен үйлесе кетті. Ал өзімізді алатын болсақ, Алматыдағы көне шіркеу төңірегі мен Жаркенттегі Уәлібай мешітінің аумағында, Кеген, Нарынқол маңайында да біраз эпизодтық көріністер түсірілді.

– Шадиаровта бір дубльда-ақ сәтті орындап шыққан эпизодының есінде ме? Ал ең қиын соққан көрініс қайсы? Жалпы, кейін «қап, осылай ойнағанда ғой!» дейтін «әттеген-айлар» болды ма?

– «Әттеген-ай» кез келген актерда болады. Бәрі біткен соң, өзің де көрермен ретінде қарап отырғанда, «қап-ай, мына тұсын кішкене осылай ойнап жібергенде, әне бір қимылды былайша жасағанда» деген секілді ойлар келеді, әрине. Бірақ ол да дұрыс емес. Көрерменге ең алғаш жол тартқан картина әрқашан бірінші болып қалады.

Ол кезде бір эпизод он-он бес дубльға дейін түсірілетін. Қазір ғой, бір, әрі кетсе екі дубль жасайды. Цифрлық технологияның жемісі. Ал ол уақытта пленкаға таспаланатын. Көбісінен ақау шығатын. Күрделі сахналар көп түсірілетін. Ол кезде бір-екі-ақ дубльмен шектелу деген мүлдем болмайтын. Алғашқы дубльда-ақ эпизодты сәтті ойнап шыққаныңмен, міндетті түрде бірнеше қосалқы, «страховочный дубль» дегендер болады. Өйткені, пленкаға сенім жоқ. Бірақ бәрібір де алғашқы дубль көбірек таңдалады. Фильм бітіп, монтаждалып жатқанда, Шәкеннің «Бала, жақсы!» деп арқамнан қаққаны бар. Риза болғаны. Өзім әлі көрген де жоқ едім киноны. Ондай кісілер мақтауға «саран» келеді. Біреулер мақтауынды әбден

асырып, жер-көкке сыйғызбай көтеріп ала жөнелуі мүмкін. Ал Шәкеннің қатты риза болғаны сол, жәй ғана «бала, жақсы» деуші еді...

ЕҢ СОҢҒЫ КАРТИНАСЫ

– «Атаманның ақыры» – Шәкен Аймановтың соңғы фильмі. Жұлдызды фильмін өз көрермендерімен көре алмай кетті...

– Фильмнің тұңғыш премьерасы Грузияда өтті. Сонда қазақ мәдениетінің күндері өткен болатын, соған апардық. Көрермен жылы қабылдап, біздің де көңіл-күйіміз көтеріңкі. Содан ары қарай Шәкен Мәскеуге пленумға жүріп кетті, ал біз елге, Алматыға қайттық. Әмина апай (Өмірзақова) бар, Мәжит (Бегалин) бар, бәріміз бармыз. Алматыға келгеннен кейін екі күннен соң қаралы хабарды естідік қой, Шәкен қайтыс болды деген. Сөйтіп, Шәкен «Атаманның ақырын» өзіміздің көрермендермен көре алмады.

Бірақ біз Мәскеуде «Кино үйінде» «Атаманның ақырының» арнайы премьерасын жасадық. Жаңа картинаның таныстырылымын жасау киногерлер арасында айнымас дәстүрге айналып кеткен заңдылық болатын. Сосын оны «Кино үйінің» мейрамханасында міндетті түрде атап өтетінбіз. Солай жасадық Шәкенсіз. Бәріміз үстелден тұрып жатқанымызда мейрамхана меңгерушісі «енді мынау үстелге өтіңіздер» деп келесі есікке бастады. Екінші бір ұзын үстел тамақтан қайысып тұр екен. Сонда Шәкен Мәскеуге бір барған сапарында осы фильмнің ақыры премьерасы болады ғой деп, аста-төк дастарханның ақысын төлеп кеткен екен. Әйгілі Донской (Марк Семенович) бар, Никита бар (Михалков), Одаққа танымал басқа да ірі-ірі кинорежиссерлар бар, бәрі риза болып жатты. Ал біз іштей үнсіз ғана егіліп қалып едік сонда... Мұндай мәрттік тек Шәкеннің ғана қолынан келуші еді!

Шәкен аға әлгі өз қазағымыз айтып жүрген ағайынгершілік, жершілдік дегеннен «нөл» болатын. Өйтпесе, өзінің ұлы да оператор болып жүрді. Басқа қазақ болса алдымен өз баласын көтеріп, соны алға тарта берер еді ғой. Өз қызы, менің әйелім Майраны да киноға түсіруіне болар еді. Әйелі де актриса болды. Мен өмірімде дәл Шәкендей ірі, кесек адамды көрген емеспін. Енді көрмеймін де. Ол – эталон!

– Әйгілі Шәкен Айманов дәл қазір осы жерде отырса, ол кісімен не жайында сөйлескен болар едіңіз?

– Әрине, фильм туралы сөйлесер едік. Фильм деген енді Шәкеннің «потологы» ғой. «Атаманның ақырынан» кейін ол кісі ұзақ дайындықпен Абайға келіп еді. Енді Абайды бастап кету керек болатын, арманы сол еді. Мәскеу сапарындағы бір жиында айтқан сөзі бар-тын: «Актерым дайын, енді Абайды түсіруге рұқсат берсендер», – деп. Шәкен қалайда береді ғой рұқсатты. Сол Абай туралы сөйлесер едік деп ойлаймын. Абайға да мені дайындап жүріпті. Шәкендей мастерден сондай үлкен баға алу, сенімінен шығу мен үшін үлкен бақыт еді. Шәкен – тума талант. Ол – дала академигі. Ол кино емес, басқа салада жұмыс істесе де одан сөзсіз академик шыққан болар еді!



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

ҚОЛӨНЕР

Қазақта ұмыт бола бастаған қолөнер түрлері көп. Солардың бірі – дәстүрлі біз кесте тігу өнері. Төл өнерімізді басқа қырынан танытып, заманауи өнермен ұштастырып жүрген суретші, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі Зейнелхан Мұхамеджанның әңгімелесудің сәті түсті.

Өте күрделі қолөнер түрі, біз біле бермейтін біз кесте туралы біраз дүниені баяндап берді.

Дәстүрлі біз кесте тігу өнерінің негізін қалаушы Зейнелхан ағаның айтуынша, кейінгі кездері біз кесте жақсы сұранысқа ие болып келеді. Бір кездері қазақ халқының таным-түсінігінен жоғалып кеткен «біз кесте» ұғымы қайта қолданысқа енді. Бұл салаға қызығатын, осы өнермен айналысқысы келетін жастар да көбейген.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

АҚЖОЛТАЙ КӨРМЕ

– Менің біз кестемен айналысқаным қырық жылға жуықтап қалды. Халқымыздың біз кестесі ғасырлар бойы қазақпен бірге жасады. Қазақ халқының тарихында бейбіт өмірден гөрі, жаугершілік, арпалыста өткен кезең көп болған. Көшпелі замандағы қазақтың басынан өткен сан қилы қиындық салт-дәстүріне, мәдениеті мен өнеріне де зиянын тигізді. Кейбірі өзгеріске ұшырады, кейбірі ұмытылды. Біз кесте өнері де құлдырады. Көшіп-қонып жүрген қазақ құнды, асыл дүниелерінің біразын жоғалтты. Одан беріректе, Кеңес үкіметі тұсында қазақтың тұрмысынан ажырап, халық бізбен кесте тігуді ұмыта бастады. Оның орнын арзанқол дүниелермен алмастырды. Жасанды кілемшелер, арнайы техникамен тоқылған алашарал шыға бастады. Шеберлер азайды, – дейді кейіпкеріміз.

Өткен ғасырдың 60-жылдарында күнделікті қолданыстан шығып, ұмыт болған өнерді қайта жандандыруға үлес қосқан шебер қолына алғаш біз алғалы осы өнермен бірге өмір сүріп келеді. Аз уақытта халықтың санасынан өшіп үлгерген біз кесте дәл солай тым қысқа уақыттың ішінде қазақ бейнелеу өнеріне жаңаша келбетпен оралды.

«Қолөнермен айналыса бастаған шағымда жұмыстан қолым босай қалса, кесте тігетінмін. Бізбен кестелеген ұнап, қолыма жүйі біз алатынды шығардым. Сөйтіп жүргенде, жақсы бір дүние жасап көрсем деген ой келді. Бізбен кестелеген алғашқы тырнақалды туындым натюрморт болды. Сол туындымды 1986 жылы Моңғолияда өткен жас суретшілер көрмесіне ұсындым. Ерекше техникамен орындалған дүние болғандықтан, бірден көптің көзіне түсті. Тәжірибенің аздығына қарамай, кестелеген дүнием мықты шеберлердің қызығушылығын оятады деп ойламадым. Өнер зерт-

БІЗБЕН
КЕСТЕЛЕНГЕН ӨМІРКестеші-шебер Зейнелхан Мұхамеджанның
өнерінен бір үзік сыр

теушілері тарапынан жақсы пікірлер айтылды. Жас кестешінің жаңа бағыты, сәтті қадамы деп баға берді. Міне, осы кезде қолөнер саласындағы нақты бағытты айқынданды. Оған дейін айналысқан кескіндеме деген сынды басқа жанрларды бір жағына сырып қойып, біз кестеге бет бұрдым. Жұмыстарымның негізгі ерекшелігі – ойымды символикалық жанрда жеткізуге тырысамын. Осы өнер арқылы айтайын деген ойды тұспалдап, астарлап айту дәстүрін әрі қарай жалғастырып келемін, – дейді шебер.

Өткен ғасырдың аяғында Мәскеуде бейнелеу өнеріне қатысты материалдар жарияланатын 3 журнал шығатын. Олар бүкіл дүние жүзіне тарайды. Өнерсүйер қауымды елең еткізген Моңғолиядағы көрме туралы «Искусство» журналына жақсы бір мақала шығып, сол мақалада Зейнелхан Мұхамеджанның туындысының суреті басылыпты. Сирек кездесетін көне дәстүр әлемдегі өнер зерттеушілері мен сарапшылардың оң бағасын алды. Сол сәтте оның шығармашылық жолы айқындалды.

ТЫМ КІРПИАЗ ӨНЕР

Шебердің негізгі жұмыстарының жанры қолданбалы сәндік өнерге жатады. Ал басты тақырыбы – далалық мәдениет, Ұлы даланың өмір ағымы.

Киелі өнерді шығармашылыққа бейім жастар одан әрі дамытсын деген оймен біраз шәкірт дайындады.

«Шәкірттерімнің қай-қайсысы да әртүрлі салада еңбек етіп жүр. Осы біз кестемен айналысып жүрген шәкірт-

терім көп. Солардың бірі – өзімнің қызым Ботагөз. Т.Жүргенов академиясының түлегі. Ол да біз кестені дамытып келеді.

Шәкірт дайындап жүріп байқағаным, көбі шұғыланып, қиналып істейтін жұмыстан қашады. Асқан төзімділікті талап ететіндіктен, үйреткен шәкірттерімнің дені өнердің басқа түрімен айналысып кетті. Кішкентай жұмыстар 2-3 апта, көлеміне қарай айлап, жылдап кестеленетін дүниелерді жасап шығу үшін өнерге деген сүйіспеншілік пен қызығушылық керек. Кесте өнері жамандығынан, сүйкімсіздігінен қалыс қалып жатқан жоқ. Төзім болмаса, анау-мынау адамды менсінбейтін өте кірпіаз өнер. Содан болар, өнерлі жастардың өзі шыдамайды, орта жолдан тастап кетеді. Кесте өнерінде адамның шыдамы мен сабыры шыңдалады», – деді ол.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тұскиіздер мен өзге де тарихи жәдігерлердің бізбен
кестеленгенін қалай білеміз?

Білу үшін әр детальна мұқият мән беру керек. Кестеленуі қазіргі техникамен бірдей. Бізбен кестеленгені анық, бірақ ол біздің металдан, сүйектен немесе ағаштан жасалғаны белгісіз. Біз кестенің қолданыс аясы кеңейген кезі хандық кезең деп топшылаймыз. Хандық дәуірде хандар мен билер, халық арасында беделді тұлғалар бізбен кестеленген шапандар киген. Халық шеберлері оларға арнайылап кестелеген. Сондағы кестенің жасалу техникасына әлі күнге дейін таңқаламын. Мәлдірлігі сондай, соншалықты керемет дүние адамның қолынан шығуы мүмкін емес сияқты көрінеді. Матаға кестеленген жіңішке жіп бір-бірінің арасына кестеленіп, тоқылып шығады. Кейбір жерлерін инемен кестелегенін байқаймыз. Теріге де бізбен кестелеп, түрлі формада қолданған. Қазір заманға сай біз кестенің жаңа тынысы ашылып, заманауи бағыт алып келеді. Тек қазақи болмысын жоғалтпаса екен. Қолөнер қашанда құнын жоғалтпайды...

ДАЛА МӘДЕНИЕТІНІҢ
МҰРАСЫ

Қазір біреуді таңқалдыру оңай емес. Әлемнің әр түкпірінде өнер, ғылым, т.б. салаларда жаңалық енгізіп, небір шедевр дүниелер жасалды. Қазақтың қолөнерінде де шеберлер әр бағытта қолтаңбасын қалдырып кетті.

«Қолөнер саласында өзімнің стилімді қалыптастыру үшін өзгеше дүние жасау керек деп мақсат қойдым. Басында қиын болғаны рас. Өйткені, үлгі алатын алдыңғы буыннан ешкім болмады. Кестелеудің құрылымын, техникасын үйренетін, соған қарап жасайтын дүние жоқ. Біз кесте қазір дәстүрлі және заманауи бағытта дамып келеді. Көрші қырғыз, өзбек, әзербайжан ағайындарымыздың бәрінде бар. Ортақ өнер болғанымен, ұлттық кесте өнерінің түрі мен әдіс-тәсілі аралау. Бірақ дәл біздегідей қарқынмен, жаңаша келбетпен дамып жатқан жоқ. Керісінше, көне дәстүр ретінде ұмытылып барады. Бізбен кестеленген тұскиіз бар. Оюлы матамен жасалатын қолөнерді өзбек халқы «Сюзанна» деп атайды. Өзбектердің бұл ерекше дүниесі бүкіл дүние жүзін шарлап кетті. Ал одан да күрделі әдіспен жасалатын біздің мәдени қолөнеріміздің бірі – тұскиіз тасада қалып қойды. Халық шеберлерінің қолынан шыққан, ешбір ұлтта жоқ ерекше дүниені әлемге таныта алмай келеміз. Себебі, бізде дәстүрлі ұлттық өнерімізді терең түсініп, техникалық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін сөзбен жеткізіп, айтып беретін қазақ өнер зерттеушілері аз. Зерттеп, жазып жүрген басқа ұлт өкілдері бар. Бірақ олар үстірт, бейнелеу өнерінің деңгейінде ғана қарайды. Тұскиіз-дегі өрнектелген кесте арқылы суретші не айтқысы келгенін түсініп, техника мен шеберлік жөнінде жазып жүрген ешкім жоқ. Бізде осындай үлкен кемшілік бар. Өкінішке қарай, ең керемет дәстүрлі дүниемізге санаулы адам ғана қызығып қарайды», – деді З.Мұхамеджан.

Кестеші-шебердің атадан балаға мұра болған ұлттық қолөнерде бүгінгідей жетістікке жетуінде өмірлік жары Гүлжай Құсманқызының да үлесі көп. Екеуі қазақ өнерін бірге дамытып келеді. Тұскиіз жасаумен қатар, ұлттық нақыштағы сөмкелер мен басқа да бұйымдар жасайды.



СЕНИҢ ЗАМАНДАСЫҢ

Аяжан ДАНИЯРҚЫЗЫ – студент. 20 жаста. Әдемі. Көркем. Сұңғақ бойлы. Ойлы. Орнықты. Сырт келбеті «Міне, біздің қазақ қызы!» деп мақтануға тұрарлық. Алматының перзенті. Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің 3-курс студенті. Болашақ IT маманы. Ал Ұлттық спортпен, оның ішінде құсбегілікпен айналысып жүргеніне екі жылдай болып қалды. Арын және Алтын атты екі қыраны бар.

ҚЫРАННЫҢ ТІЛІН ТАПҚАН ҚЫЗ

ҚОС ҚАНАТЫ

Жалпы, қала қызы Аяжан құсбегілік өнерге ойламаған жерден келгенін жасырмайды. Себебі, ең алғаш оның көңілі садақ тартуға ауған-ды. Сөйтіп, «Сұлтансері» этно-өнер орталығының әлеуметтік желілерде жариялаған «садақшы қыздар» кастингіне барды. 450 қыздың арасынан іріктеуден өтіп, алғашқы жарты жыл садақ атумен кәсіби түрде айналысты. Уақыт өте ұстазы Сұлтансері Бекетұлының құсбегілікпен айналысып жүрген атақесібіне қызығушылығы оянып, басында оған қолғабыс ете жүріп, кейін басыбайлы қалай беріліп кеткенін байқамай да қалады.

Ол қазақ қыздарының табиғатынан қайсар келетінін айтады. Ең алғаш бүркітін қолында ұстап тұру қиынға соққаны бар. Үлкен жыртқыш құстың алпамсадай денесінен, ауыр салмағынан нәзік білегі талып қала беретін сәттерін әлі ұмытқан жоқ. Арын мен Алтынның салмағы шамамен 6-7 келі.

Аяжанның қазір қолы һәм білегі әбден шыныққан, бұрынғыдай қиналмайды. Бұл өнерді риясыз жақсы көреді. Қос қыранын күтіп-баптауға барлық жағдай жасалған. Оның көпке көбірек танымал ұябасар (ұрғашы) Арыны – 6 жасар. Адам жатырмайды. Ал Алтынға айналасына үйренісу үшін біраз уақыт керек көрінеді.

«ҚЫРАНЫММЕН СӨЙЛЕСЕМІН...»

Иә, қазақ халқының тектілігін, жүректілігін танытатын бұл өнер қырандай қырағылықты талап етеді. Табиғаттың асау да жыртқыш құсымен тіл табысып, оны айтқанына үйрету үшін де төзімділікпен қатар біліктілік те ауадай қажет.

– Тірі жанмен жұмыс істейтіндіктен, бұл гармония мен бір-бірімізге деген сенімді талап ететін іс. Арынның көңіл күйі әр кезде әртүрлі болады, соған орай оның өз-өзін ұстауы да өзгереді. Оларды өз қолымнан талмақтандырамын, еркелетіп сөйлесемін, арасында ұрысып қоятыным да бар. Бүркіт киелі құс болғандықтан, аса күтімді қажет етеді. Тұздалмаған қызыл ет жейді. Жалпы, қырандар қолға үйренуге бейім келеді. Олар – күн сәулесіне тіке қарай алатын жалғыз құс. Көк байрағымызда да бекер бейнеленбесе керек. Бүркіт – еркіндік пен бостандықтың, қайсарлық пен батылдықтың, өрлік пен ерліктің символы. Бұл өнер менің бойыма осындай қасиеттерді сіңіріп жатқандай, – дейді Аяжан аруымыз.

Аяжан кейінгі бір жыл көлемінде, нақтырақ айтсақ, былтыр құсбегіліктен өткен барлық турнир мен жарыстарға қатысты. Бір жыл ішінде бас-аяғы жеті-сегіз жарыста бой көрсетіп үлгерді. Ең алғаш рет Көкшетау қаласында өткен жарыста финалға шықты. Сол кезде бүркітінің ұшқырлығы екі секундқа ғана қалып қойды. Дегенмен, осы жарыстан соң бағы жанды. Себебі, кейінгі барлық жарыста актық мәреге дейін өтіп жүр.

БІЗДІҢ АРУЛАР

Былытыр Шығыс Қазақстан облысында өткен, Қазақстан, Қытай, Моңғолия, Ресей және Қырғызстанның спортшылары қатысқан, бүркіт, сұңқар, қаршыға мен ителгіні қолға шақыру және шырғаға салу «Шығыс салбұрыны – 2023» турниріне кілен ерлердің арасында 4-ақ құсбегі қыз қатысқан болса, солардың бірі біздің Аяжан Даниярқызы.

– Тұз құсын, яғни бүркітті дұрыс баптау үшін адамға менталды тұрғыда өте мықты болу керек. Бастапқыда адамның у-шуы көп



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

ТОМАҒАСЫН АЯҚ АСТЫНА ТАСТАМАҒАН

- Бүркіт қанатын жайғанда 2,5 метрге дейін жетеді екен. Шенгелімен 5 келі жемтікті көтеруге қауқарлы. Қатты дауыл соққанда да көкте еркін самғай береді. Ұрғашысы еркегінен үлкен болатын көрінеді.
- Қырағылығы соншалық, 3 шақырым қашықтықтағы кішкентай қоянды да байқап қояды. Бүркіт қаза болғанда денесін ақ шүберекке орап, тау-тастың жақпарына, құс ұясына жақын жерге жерлейтін болған.
- Тарихи деректерге сүйенсек, Құбылай ханның саятшылық мақсатта қолға үйреткен 500-дей ақ сұңқары және басқа да қыран құстары болған және оларды күтіп, баптауға 10 мың құсбегі ұстаған деседі.
- Орта ғасырларда Орталық Азия мен Қазақстан, Қырым, Еділ бойын билеген патшалар мен хандар да сарайларында құсбегілер ұстаған. Сарай құсбегілігіне тек ақсүйектер, әмірлер тағайындалған көрінеді.
- Бүркіттің екі көзін жауып тұратын, дулыға тәрізді басына кигізілетін, теріден жасалған томағасы болады. Ол құстың айналасында болып жатқан кез келген құбылыстарға мазасызданбай, тыныш отыруы үшін керек. Атам қазақ томағаның өзін аяқ астына тастамай, «бас киім» ретінде қарап жоғарыға қоятын болған.

жерге отырғызамыз. Бойы үйренген соң шақырып, ет береміз. Уақыт өте келе жаттығуларды бастаймыз. Менің ойымша, бүркіттің дұрыс бапталуы ең алдымен ұстазға байланысты. Бұл тұрғыда мен лоторея жеңіп алдым десем болады. Ұстазым Сұлтансері Бекетұлы – әйгілі Бекет Есен-таев атамыздың перзенті, әкесінің серілік өнерін жалғастырушы ретінде осы өнердің дамуына көп күшін салып келе жатқан азамат, – дейді өзінің осы жолға түсуіне дәнекер болған ұстазына деген ілтипатын білдіруді де ұмытпаған Аяжан.

Құсбегілік оны ең алдымен сабырлы, төзімді болуға үйретті. Күнделікті өмірінде спортпен көбірек шұғылдана бастады. Себебі, бүркіт дала құсы болғандықтан ашық аспан астында, далада көп жүруге тура келеді. Ол мұның да гаджеттерге жіпсіз байланған бүгінгі заманда пайдасы өте көп деп санайды.

ЖАН ҚАЛАУЫ

Жалпы, құсбегілік өнердің атадан мұра болып келе жатқанын бәріміз білеміз. Көшпелі өмір салтын ұстанған халқымыз таби-

ғатпен егіз ғұмыр кешкен. «Ит жүгіртіп, құс салған, қақпан-тұзақ құрып, тор жайған» қазақ үшін құсбегілік бір жағынан күнкөріс қамы болса, екіншіден уақытты көңілді өткізудің жолы ретінде де пайдаланылған. Тіпті, аңшылық-саятшылық кәсіп шынығып-шыңдалудың, әскери жаттығудың тамаша үлгісі болған көрінеді.

– Білуімше, құсбегілікпен айналысқан адамдардың ғұмыры ұзақ болады деседі. Қырандарымды күтіп-баптауда ұстазым Сұлтансері Бекетұлы көмектеседі. Садақ тарту өнерін де тастағаным жоқ, құсбегілікпен қоса алып жүрмін. Ал садақ атудың моториканы, дәлдікті дамытатыны хақ, – дейді бүркітші қыз.

Бүркіт баптап, жарыстарға қатысу, садақ тарту өнері де оның оқуына еш кедергі келтірген емес. Университеттегі сабақтары көбіне түске дейін болады, ал қырандарымен жаттығуларын соған ыңғайлап түстен кейінгі уақытқа қояды. Сондықтан еш қиындық болған емес. Оқуын да, кәсібін де ақсатқан жері жоқ. Жалпы, кәсібін жан қалауымен, жүрегімен атқаратын адамның жұлдызы әрқашан биік болатынын біледі.

БИІККЕ САМҒА, АЙНАЛАЙЫН!

– Бұрын күнкөрістің, одан сал-серіліктің белгісіне айналған ұлттық өнеріміздің қазіргі күні спорт ретінде дамып жатқаны мені қуантады. Бұл бүгінгі ұрпақтың тек шетелдік спорт түрлеріне ғана емес, өзіміздің де ұлттық спортымызға көңіл аударуына септігін тигізеді деп білемін. Қазақтың дәстүрін, мәдениетін бүгінгі жаһандану дәуірінде дамытып жатсақ, әлем алдында да бәсіміз биік болары сөзсіз, – дейді қасқырды ұрып алардай білегі болмаса да, қайсар, табанды мінезі, құсбегілік өнерді сүйетін жұдырықтай жүрегі бар Аяжан Даниярқызы.

Келешекте құсбегілікті әлемдік деңгейдегі спорт ретінде көргісі келетін және бүркітші бұрымдылар көп болса екен деген ақ тілеулі Аяжан биылғы күзде біздің елде, Елорда төрінде өтетін V Дүниежүзілік көшпенділер ойындарына қатысамын деп белін бекем буып отыр. Дайындықты бастап та кетті. Өзірге қай бағыт бойынша қатысатыны құпия. Түркі әлемі көз тіккен көшпенділер ойындарына 100-ден астам мемлекеттен 4 мыңға жуық спортшы қатысады деп күтілуде. Ал біз бүркітші бойжеткенімізді сол дүбірлі додада үлкен биіктен көргіміз келеді. Ұлттық өнерімізді әл-қадерінше ұлықтап, насихаттап жүрген аруымызға тек сәттілік серік болғай дейміз.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА,
журналист.





ШЕБЕРЛІК

ӨМІР ҮШІН КҮРЕС

9 жасар науқасқа бір мезетте үш операция жасалды

Алматының №2 қалалық балалар клиникалық ауруханасында белгілі ресейлік хирургтар Максим Вавилов пен Тимур Торноның «Микрохирургия арқылы аяқ-қолдың туа біткен және жүре пайда болған ақауларын жедел емдеу» атты шеберлік дәрісі өтті. Дәріс аясында Алматы, Талдықорған және Бішкектен 15 маман біліктілігін арттырып, тәжірибе алмасты.



Іргеміздегі Қонаев қаласының тұрғыны 9 жасар Адинаға бір мезетте 2 дәрігерлер бригадасы, яғни микрохирургтар мен ортопедиялық травматологтар бірегей ота жасады. Бірегей болатын себебі, қызға наркоз салынған уақытта оның аяғына, қолына және мойын сүйегіне үш бірдей операция жасалды. Науқасқа «оң жақ гемипарез, церебральды сал ауруы» диагнозы қойылған.

Бытырғы қаңтарда аталған ауруханада Адинаға әйгілі Берлин клиникасының профессоры Шарите-Ульрих-Вильгельм Томаленің қатысуымен нейрохирургия бойынша шеберлік дәрісі шеңберінде бірегей ота жасалған болатын. Содан кейін мидың сол жақ жарты шарына ота жасалып, жағдайы жақсара бастап, дірілі тоқтады. Баланың сауығу жолындағы келесі қадам – ресейлік-қазақстандық ортопедтер жасаған осы біз айттып отырған ота.

«Бала жоспарлы түрде қабылданды. Отадан 4 күн бұрын қыз оң иығымен құлаған. Олар тұрғылықты жері бойынша травматикалық пунктке жүгініп, оған «оң жақ бұғанасының ортаңғы үштен бір бөлігінің жабық сынуы» деген диагноз қойылды. Дезо гипсі қолданылады. Осыған байланысты оң қолға ота жасау мәселесі туындады. Тексеруден кейін екі дәрігерлер тобы бір уақытта аяққа, бұғанаға, жілінішке және саусаққа бірлескен «симультантты» ота жасау туралы шешім қабылдады: оң жақ бұғананың жабық остеосинтезі, шыншақ жіліктік жүйкенің қозғалтқыш талшықтарының селективті нейротомиясы;

сіңірлердің транспозициясы; оң жақ асықасты буынының артропрезисі», – деді Алматы №2 ҚБКА травматолог-дәрігері Ұлжан Солтанбекова.

Қазір Адинаның жағдайы жақсы, тәуір болып қалды. Адинамен бірге, әртүрлі патологиясы бар, атап айтқанда, бірнеше артрогриппоз; аяқтың кавус деформациясы; Шарко-Мари ауруы; атипті маймақтық, рецидив, ОНМК салдары; сол жақ гемипарез; сол жақ аяқтың вальгусы; оң қолдың деформациясы диагноздары бар 8 кішкентай пациентке ота жасалды. Қуанышқа қарай, бәрі сәтті өтті. Айта кететін нәрсе, барлық ем-дом мен кеңес тегін жүргізілді.

ЖАҢА ИННОВАЦИЯ

БЕС КҮНДЕ –
30 «ЗЕРГЕРЛІК» ОТА

3D технологиясы жүректің басқа тіндеріне зақым келтірместен патологиялық ошақты 1 миллиметрге дейін табуға көмектеседі

Алматы төрінде орналасқан Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да отандық аритмологтар ресейлік профессор, PFA академигі Сергей Артеменконың жетекшілігімен 5 күн ішінде 30-дан астам күрделі «зергерлік» операция жасады. Бұл оталар өте күрделі және жүрек ырғағының бұзылуын емдеудің ең тиімді әдісі саналады.

«Біз алыс және жақын шетелдердің көптеген медициналық орталықтарымен және клиникаларымен ынтымақтас-тықтамыз. Жетекші ресейлік маманмен бірлескен операциялар жүргізе отырып, ҒЗИ дәрігерлері үлкен тәжірибе алуда. Сергей Николаевич жүрекше фибрилляциясы бар емделушілерде радиожүйелікті катетерлік абляция процедурасының тиімділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдіснамалық тәсілдерді әзірледі. Бұл әдістер халықаралық және ұлттық клиникалық ұсыныстарға енгізілді. Профессор Артеменкоға операцияларды кәсіби қолдағаны үшін алғысымды білдіргім келеді», – дейді институттың басқарма төрағасы Марат Пашимов.

Радиожүйелік катетерлік абляция жүрекке ең күрделі жоғары технологиялық операцияларды жасауға мүмкіндік беретін үш өлшемді навигациялық картаға түсірудің озық жүйелерін пайдалана отырып жүргізіледі. Осылайша адамдардың өмірін құтқарады, оларды толыққанды өмірге қайтарады. Бұл



жүйе Алматыда тек Кардиология және ішкі аурулар ҒЗИ-да ғана бар.

Аптаның соңына дейін жүрекшелер фибрилляциясы және басқа да күрделі эктопикалық ошақтары бар науқастарға ота жасалады. Еліміздің басқа клиникаларында бірнеше рет қайталап ота жасалған науқастар бар.

Мысал келтірсек, күрделі аритмиямен 63 және 54 жаста 2 науқасқа операция жасалды. Олардың екеуі де қозғалмаса да жүрегінің жиі соғатынын, физикалық жүктеме кезінде енгітетінін, денесін үнемі әлсіздік жайлап алғанын айтқан. Мәселе мынада, аритмияның патологиялық ошақтары жүректің өткізгіш жүйесінде онымен «қауіпті» жақындықта орналасқан. Персоналдың жоғары білікті-

лігінің, заманауи технологиялық жабдықтың және пациенттерді тиісті даярлаудың арқасында операциялар сәтті өтті.

Профессордың айтуынша, 3D технологиялары аритмияның көзін – жүректің басқа тіндеріне зақым келтірместен патологиялық ошақты 1 миллиметрге дейін табуға көмектеседі. Науқас толығымен қалпына келеді, нәтиже операция кезінде көрінеді.

Бұл – іс жүзінде «зергерлік» жұмыс. Ырғақтың бұзылуын диагностикалаудың дәлдігін арттыру арқылы емдеудің тиімділігі, операциядан кейінгі ерте және алыс кезеңдердегі пациенттердің өмір сапасы артады, кенеттен қайтыс болу, асқынулар және т.б. саны азаяды.

МӘСЕЛЕ

Атырауда өткен Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы бұл тақырыпты бекер көтерген жоқ. Елдік деңгейге шығармасақ болмайды. Өйткені, ұрпағымыз азудың алдында тұр. Насыбайды тым арзанға сатып алғаныңызбен, оның зардабын көрген ағзаңыздың жағдайын түзеу тым «қымбатқа» түсіп кететінін көп адам ойламай жүр.

НАСЫБАЙ

мектеп
оқушыларының да
ұртында жүр...

«Қазір – XXI ғасыр, жоғары технология мен жасанды интеллект қарқынды дамыған заман. Ал біздің азаматтарымыз аузына насыбай салып, қақырып-түкіріп жүреді. Бұл не деген масқара?! Осы жағымсыз қылықты ата дәстүрі санайды. Шын мәнінде, бұл – барып тұрған мәдениетсіздік. Оны тоқтату керек», – деді Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ, насыбай өндіріп, таратқаны үшін заң жүзінде белгіленген жауапкершіліктің тым төмендігін атап өтті. Қазір осыған қатысты заңдарға түзету енгізу мәселесі қарастырылып жатыр. Онда кейіп қана емес, насыбай таратқаны үшін де қылмыстық жауапкершілікке тарту көзделген. Бұл қадам насыбайға толық тыйым салуға мүмкіндік береді деп отыр сарапшылар. Ал Президент енді насыбайды өндіріп, сатқандар қылмыстық жауапкершілікке тартылатынын шегелеп айтты.

Иә, елімізде насыбайды өндіруге және таратуға 2015 жылы тыйым салынғанымен, қазір сауда нүктелерінде, әсіресе, «жабайы» жайма базарлардан кішкентай дорбаларға салынған, шәй түйіршігі секілді қара-жасыл түсті насыбайды жиі көреміз. Бағасы арзан, қолжетімді. Сондықтан болар, оны тұтынатындар көбейген. Тіпті, мектеп жасындағы балалар да насыбай аталды деп дабыл қағып жүр мамандар. Насыбай – ежелгі Орта Азия елдерінде, атап айтсақ, Өзбекстанда, Тәжікстанда, Түркіменстанда, Қырғызстанда, Ауғанстанда, Қазақстанның оңтүстік және Қытайдың батыс өңірлеріндегі халықтардың көп пайдаланылатын темекі өнімінің шегілмейтін түрі.

Насыбайды қалаған адам үй жағдайында, ешқандай санитарлық талап сақтамай бейберекет жасай береді. Құрамында түрлі дертті, оның ішінде онкологиялық ауруларды қоздыратын заттар, адам ағзасына зиян келтіретін қорғасын, сынап, кадмий және мышьяк сияқты ауыр металдар бар. Оның негізгі өнімдерінің бірі – махорка мен темекі, ал оған қосымша қосатын өнімдер – сөндірілген әк, тауық санғырығы немесе түйе тезегі, әртүрлі өсімдіктер күлі, желім, май. Насыбайдың дәмін жақсарту үшін әртүрлі дәмдеуіштер қосады.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

«Өлімге» апарар жол

- Насыбайдың зардабы көп: жасөспірімдердің есте сақтау қабілетін төмендетіп, миына психологиялық өзгерістер әкеледі;
- Ауыз қуысы мен көмейдің обыры ауруын туғызады;
- Ми тамырларының қысылу салдарынан инсульт және инфаркт болу қаупі бар;
- Маржандай тістеріңіз бұзылып, қызыл иек зақымданады;
- Насыбай құрамындағы әк ауыз қуысындағы сілекей арқылы ішке түсіп, салдарынан зақымтан пен асқазан жарасының пайда болуына жол ашады;
- Тазалық сақталмай, үй жағдайында жасалатындықтан ішек инфекциясы көбейеді;
- Белсіздікке әкеледі;
- Насыбай құрамындағы ауыр металдар бүйрек пен бауырды улайды.


Бетгі әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.



ТАЛАПКЕР – 2024

ҰБТ-ға өзгеріс енгізілді

Кейінгі жылдары бір ізбен өтіп келе жатқан ҰБТ-ға биыл өзгерістер енгізіліп отыр. Ғылым және жоғары білім министрлігі оларды саралап, нақтылап берді. Өзгеріс енгізуге себеп те жоқ емес, өйткені ҰБТ төңірегінде бастан даулы екені белгілі. Соған орай, жоғары білімді оңтайлы студенттің маңызды қадамы – ҰБТ тапсырмаларын жетілдіру екені баса айтылып жүр. Бұған қоса, нәтижелерді қалыптастырып, талдауда психометриялық тәсілдерді қолдануды стандартталған форматқа көшіру Қазақстан Республикасының 2023–2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасына сәйкес келетін көрінеді.



Сонымен, биылғы ҰБТ сынағын тапсыру ережелері өзгерді. Атап айтқанда, тест тапсырмаларының саны өзгеріп, бейіндік пәндердегі тапсырмалардың жаңа түрі қосылды. Бұған қоса, тестілеуге берілетін уақыт та қысқарады. Нәтижелерді қалыптастыруға және талдауға психометриялық тәсілдерді пайдалана отырып, стандартталған форматқа көшу жасалатын болды. Сонымен, биылғы ҰБТ-ның басты өзгерісі – тест сұрақтарының саны өзгеріп отыр. Мәселен, бейіндік пәндерге жаңаша тапсырмалар қосылып, тестілеу уақыты қысқартылды. Сондай-ақ, ҰБТ-дағы пәндердің саны өзгеріссіз, яғни үшеуі міндетті және екеуі таңдау бойынша.

Керісінше, «Оқу сауаттылығы» мен «Математикалық сауаттылық» міндетті пәндерінен тапсырмалар саны 5 сұраққа

қысқарғалы отыр. Ал бейіндік пәндердің сұрақтар саны артып, 40 тест тапсырмасынан тұратын болады. Бейіндік пәндерде берілген тізімнен сәйкестікті анықтауға арналған 5 тапсырма қосылады.

Бұл өзгерістер – тест тапсырмаларының сапасын арттыру мен олардың функционалдық сауаттылық пен сыни ойлау дағдыларын бағалаудың әлемдік стандарттарына сәйкестігі бағытындағы жұмыстардың қисынды жалғасы. Осылайша ҰБТ тапсырмалар саны өзгеріссіз қалады, жалпы 120 сұрақ. Оның ішінде «Қазақстан тарихынан» 20 тапсырма, «Оқу сауаттылығынан» 10 тапсырма, «Математикалық сауаттылықтан» 10 тапсырма және екі бейіндік пән бойынша 40 тапсырма. Жоғары балл – 140, ол да өзгеріссіз қалды. Жоғарыда аталған өзгерістерге байланысты тестілеу уақыты қысқарады. Енді ҰБТ тапсыруға оқушыларға 3 сағат 30 минут (210 минут) бөлінеді. Бұрын 4 сағат (240 минут) берілген. Бұл

ретте ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін ұсынылатын қосымша 40 минут уақыт сақталатынын айта кету керек.

Тағы бір жаңалық шығармашылық бағыттарды таңдаған талапкерлерге қатысты, енді олар «Қазақстан тарихы» мен «Оқу сауаттылығы» пәндерімен қатар «Математикалық сауаттылықты» міндетті пән ретінде тапсыратын болады. «Математикалық сауаттылықтан» тест тапсырмалары өмірде математикалық логика бойынша алған білімдерін, дағдыларын қолдана алуын тексеруге бағытталып, бұл пән барлық тестке тапсырушы үшін міндетті болмақ.

Биыл да Қазақстанның жоғары оқу орындарына түсу үшін шекті балл өзгеріссіз қалды. Тиісті орталықтың ақпаратынша, ЖОО түсу үшін шекті балл өткен жылмен бірдей, яғни кемінде 50 балл және ұлттық жоғары оқу орындарына түсу үшін кемінде 65 балл болып қалды. Алайда, оқуға түсу үшін 50-ден астам балл жинау қажет

дайындық бағыттары бар. Ең жоғары шекті балл – кемінде 75 балл «Құқық» және «Педагогикалық ғылымдар» білім беру бағдарламаларына түсу үшін бекітілген. Ал «Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина)» бағытын таңдаған талапкерлер ҰБТ-да кемінде 70 балл жинауы тиіс. Қазіргі нақты деректерге сәйкес, стоматология мамандығын таңдағандар арасындағы бәсеке бір орынға 36 адамнан келеді. Одан бөлек, ұлттық жоғары оқу орындарына «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» мамандығына түскісі келетіндерге кемінде 60 балл жинауы қажет. Талапкерлер әр жоғары оқу орны өзінің шекті балын қоя алатындығын да ескеру керек. Бұл құқық оларға төрт жыл бұрын академиялық еркіндік негізінде берілген еді.

Мысалы, 80 балл жинаған талапкер математика мұғалімі мамандығына ұлттық ЖОО-ға түскісі келетін болса, «Педагогикалық ғылымдарға» шекті балл кемінде 75 балл, ал ұлттық оқу орындарына – кемінде 65 балл болу керек. Яғни оқушының жинаған ұпайы жетіп тұр.

Дегенмен, бейіндік пәндердің комбинациясы бойынша біраз өзгерістер бар. Министрлік мектеп оқушылары мен ата-аналардың, жалпы педагогикалық қауымның ұсыныстарын ескере отырып, «B059 – Коммуникациялар және коммуникациялық технологиялар», «B055 – Математика және статистика», «B063 – Электротехника және автоматтандыру» білім беру бағдарламаларының топтарына түсушілер «Математика-Информатика» комбинациясын тапсырады.

Сондай-ақ, талапкерлер үшін компьютер экранында «Математикалық сауаттылық», «Математика», «Информатика», «Физика», «Химия» және «География» пәндері бойынша берілетін есептерді шешу үшін калькулятор қолжетімді. Былтыр ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі негізгі ҰБТ-ны екі рет тапсырып, үздік нәтижемен грант тағайындау конкурсына қатысу мүмкіндігін ресми түрде бекітті. Сонымен қатар, ақылы негізде түсу үшін ҰБТ тапсырудың тағы үш мүмкіндігі бар. Биылғы талапкерлердің тестілеуді бес рет тапсыруына болады.

«ПЕДАГОГИКАЛЫҚ СЫНЫП»

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАР

жаңа жоба бойынша дайындалады

Алматыда педагогтардың біліктілігін арттыру мақсатында қолға алынған бастама жалғасын тауып жатыр. Дәл қазір қаламыздағы педагогтар даярлайтын жоғары оқу орны мен орта білім беру ұйымдарының ынтымақтастығы аясында 14 мектепте «Педагогикалық сынып» жобасы жүзеге асып жатыр.

Осы жоба барысында педагогикалық кадрлар тапшылығын жою, мұғалімдердің білім сапасы мен біліктілігін арттыру, түлектерді жұмыспен қамту, өзге өңірлерді білікті педагог кадрлармен қамтамасыз ету бағытындағы жоспарлар жүйелі түрде қалалық Білім басқармасымен талқыланып отырады.

Өйткені, аталмыш жоба ертеңгі мамандарды жұмыспен қамту, тапшылықты жою, білім сапасын арттыру сынды өзекті мәселелерді шешу үшін қолға алынып отыр. Сонымен қатар, «Жайлы мектеп» жобасын жүзеге асырудағы басты міндеттерді орындау да осы жобаның құзырындағы мәселе.

Қазіргі таңда білім саласы үшін ең өзекті мәселе – мемлекеттік және жекеменшік мектептердегі мұғалім тапшылығын жою және жаңа формациядағы педагог мамандарын даярлау екені белгілі. Сол үшін

тағы да педагогикалық сыныптар санын арттырып, арнайы оқу орындарында инклюзивті білім беруді күшейтіп, мамандармен қамтамасыз ету көзделіп отыр.

Педагогикалық сыныптар қазір Алматыдағы 14 орта білім беру ұйымдарында табысты түрде жүзеге асырылып, онда 200-ден астам оқушы, болашақ педагогтар білім алып жатыр. Сонымен қатар, Алматының 16 жалпы орта білім беру ұйымдарында Абай университеті кафедраларының 21 филиалы ашылды. Осылайша ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою университет пен Білім басқармасы арасындағы әріптестікті нығайтудағы маңызды қадам болып табылады.

Бұл қадам өз кезегінде еліміздің білім беру жүйесі үшін стратегиялық мақсат қана емес, білім беру сапасын жақсартуға және болашақ педагогтарды даярлауға да ықпал етеді.

КЕЗДЕСУ

ЖАЗУШЫМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің студенттері сатирик-жазушы Қанағат Әбілқайырмен кездесті. Оқу ордасының мерейтойлық іс-шаралары аясында өткізіліп отырған кеш «Періштелер жоқ жерде» немесе перизаттар мекенінде» деп аталды.



Ару-қыздар кеш қонағын зор қошеметпен қарсы алды. Осыдан кейін жиналғандар өнерпаз қыздар сахнадағы жаңа кітап желісі бойынша әзірлеген қойылымды тамашалады. Осынау шағын қойылым арқылы қоғамдағы тоғышарлардың тоқшылықтан жасаған түрлі жөнсіздігіне куә болды.

– Мен осы кітаптың тұсаукесерін әдейі Қыздар университетінде өткізгенді жөн көрдім. Өйткені, ертеңгі қоғамды тәрбиелейтін де, ұрпақты өмір-

ге әкелетін де біздің осы қарақоз қыздар. Халқымызда «Бір қызды тәрбиелеу арқылы бүкіл бір ұлтты тәрбиелеуге болады» деген жақсы сөз бар. Сондықтан осы кітаптың ұлт тәрбиешілеріне аз да болса көмегі тисе деймін, – деген жазушы кітаптың көз-

деген мақсаты, оның кейіпкерлері туралы айтып берді.

Кеш барысында студенттер сатирик-жазушыға өз сауалдарын жолдады. Бұл күні Қыздар университетінің кітапханасы тағы да бір жаңа кітаппен толықты.

ҚАУІПСІЗ МЕКТЕП

Құрылғылардың жұмысы жүйелі істеп тұр

Алматы қаласы мектептерінің барлығына дерлік қауіпсіздік жүйелері орнатылған. Олар толығымен қалалық полиция департаментіне қосылған. Сондықтан қалалық полиция департаменті қаладағы 214 мемлекеттік және 100 жекеменшік мектептің қауіпсіздік жүйесін уақытылы тексеріп отырады.

Жақында қалалық Білім басқармасы мен Полиция департаменті бірлесіп, білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың қауіпсіздігін, бейнебақылау жүйелерінің жабдықта-

луын, қызметкерлер мен келушілердің ескерту құралдарын, дабыл түймелерін, қауіпсіздік дабылы мен физикалық қауіпсіздікті тексеріп шықты.

«Алматы қалалық полиция депар-

таментінің жергілікті полиция қызметі қала мектептерінде орнатылған 6739 бейнебақылау камерасының басым бөлігі жедол басқару орталығымен біріктірілген», – дейді. Тексеру нәтижесінде қаламыздағы барлық мектепте дабыл түймелері орнатылып, дауыс күшейткіштер, басқа да қауіпсіздік үшін жасалған құрылғылардың жүйелі жұмыс істеп тұрғаны анықталды.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.

Шекаралары: Алматы қаласының шекарасы бойымен (шығыс жағы) Есентай өзеніне дейін; Есентай өзенімен оңтүстікке қарай (батыс жағы) Көкжиек шағынауданы №41 А үйге дейін; Көкжиек шағынауданы №41 А үйден қавтараларлық көшенің бойымен батыс бағытта (солтүстік жағы), Көкжиек шағын ауданы №№42, 42 А үйлерді қа алғанда Көкжиек шағынауданы №14 үйге дейін; Көкжиекшағынауданы №14 үйден солтүстік бағытта қавтараларлық көшенің бойымен, Көкжиек шағынауданы №20, 20А үйлерді қа алғанда Алматы қаласының шекарасына дейін (шығыс жағы).

ОЛИМПИАДА

ЖЕҢІМПАЗДАР МАРАПАТТАЛДЫ

Суретті түсірген Самат Құсайынов.



практикалық. Жарыс барысы ютуб желісінде тікелей эфирде көрсетілді. Олимпиада үздіктері болашақта оқу-жаттықтыру жиындарына шақырылады. Одан кейін Қазақстан намысын беделді халықаралық жарыстарда қорғайтын болады, – деді «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының басшысы

«Алматы театр» ғимаратында 25–28 наурызда өткізілген жаратылыстану–математика бағыты бойынша география және информатика пәндерінен республикалық олимпиаданың жабилу салтанаты өтті. Іс-шараға еліміздің әр өңірінен келген 300-ге жуық оқушы қатысты.

Досбол АТАЖАН

– Биылғы олимпиаданың ерекшелігі – жаңа форматта өтіп жатыр. Бұрын 2 өңірде өтетін болса, қазір 7 қаланы қамтиды. Бастауы Астана қаласында өткен болатын. Ал Алматыда география және информатика пәндері бойынша жарыс өтті. Жалпы, республикалық этапқа 1600-ден астам бала қатысып отыр. Айтылған екі пән бойынша 300 бала бақ сынады. Олимпиада 2 кезең бойынша ұйымдастырылды, ол – теориялық және

Олимпиадаға қатысқан оқушылардың 45%-ы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің І, ІІ, ІІІ дәрежелі дипломдары және алтын, күміс, қола медальдарымен марапатталды. – Мен алдымен мектепшілік іріктеуден өтіп, кейін қалалық жарысқа қатыстым. Ол жарыстан іріктеліп Республикалық олимпиадаға қатысу мүмкіндігіне ие болдым. Олимпиадаға жарты жылдай дайындалдым. Республикалық жарыстың өзі 3 кезең бойынша өтті. Бірінші күні теориялық білім тексерілді, ол 4 сағатқа созылды. Екінші күні практикалық кезеңде далаға шықтық. Үшінші күні апелляция тапсыруға мүмкіндік берілді. Болашақ мамандығым жайында әлі ойланyp жүрмін, мүмкін экономист мамандығына тапсырамын, – дейді №90 лицейдің ІІ-сынып оқушысы әрі география пәнінен ІІІ дәрежелі диплом иегері Мадина Бейсембаева. Сонымен қатар, жеңімпаздар мен жүлдегерлерге бағалы сыйлықтар табысталды және еліміздің беделді жоғары оқу орындарының ректорлық білім гранттары берілді.

БӘРЕКЕЛДІ!

Белсенді қарияларға арналған орталық ашылды

Жетісу ауданы аумағында орналасқан «Кемел» ықшам-ауданының тұрғындары үшін биылғы жыл жақсы жаңалығымен басталды. Ықшамауданның орталығы саналатын «Кемелде» белсенді қариялар бас қосатын жақсы бір орталық ашылды. Осы күнге дейін қаланың басқа аумақтарындағы «Белсенді ұзақ өмір» орталықтарына қызыға қарайтын ауданның қариялары «енді өз орталығымыз бар» деп қуанып жатыр.

аталып, кемелденіп келеді. Жалпы, өз басым қала басшылығының «Шетсіз қала» жобасының жүзеге асып жатқанына әркез қуанып отырамын. Неге десеңіз, жоғының біразы бүтінделіп жатыр. Бүгінге дейін «Кемелде» жаңадан емхана ашылды. Керемет «Мәдениет үйі» бар. Енді міне, мынадай Орталық ашылып жатыр. Балалар ойнайтын аула мен спорт алаңдары іске қосылды. Қарияларымыз үшін көркемөнерпаздар үйірмесі, хор ұжымы бар, – деп атап өтті Тамара Мұхтарханқызы.

Жаңадан ашылған «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының жетекшісі Гүлжазира Дүйсенқызы жұмыс ретімен таныстырып, барлық тұрғындар үшін қолжетімді екенін жеткізді.

Рая ЕСКЕНДІР

Орталықтың ашылу салтанатында алғашқы сөз кезегін Жетісу ауданы әкімінің орынбасары Данияр Әлкебаев алып, барша аудан тұрғындарын құттықтады. Өз сөзінде ауданда тұрып жатқан қариялар үшін ашылып отырған орталықтың аса маңызды екенін тоқталды. Сонымен қатар, қарияларды қолдауға бағытталған жұмыстардың әлі де жалғаса беретінін жеткізді.

Осыдан соң Алматы қаласында тағы бір орталық ашылып, тұрғындар игілігіне берілді. Осымен қаламыздағы «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталығының саны он төртке жетті.

Келесі кезекте Орталықтың ашылуына зор қолдау көрсеткен Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы сөз алып, жүрекжарды лебізін жеткізді.

Алматы қаласының аумағына қосылғалы бұл ықшамауданның атауы ғана емес, тұрғындарының өмір сүру салты да өзгерді. Бір кездегі «Первомайка» қазір «Кемел» деп



ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

«БАСҚА ЖҰРТ ҚАЗАҚТЫ КИІМІНЕН ТАНИТЫН БОЛУЫ КЕРЕК...»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайда ұлттық құндылықтарды жан-жақты дәріптеп, ата-бабадан қалған мәдени мұраны заман талабына сай жаңғыртып, насихаттау қажеттігін атап өткен болатын.

«Соның бірі – Ұлттық киім күні деп аталады. Басқа жұрт қазақты киімінен танитын болуы керек. Мен быттыр ауызашар берген кезде осы мәселеге арнайы тоқталдым. Кейбір ірі компаниялар мен оқу орындары ұлттық нақышта киіну үрдісін енгізіп жатыр. Бұл – өте орынды

бастама, оны қолдап, ауқымын кеңейте түскен жөн. Әсіресе, қазіргі таңда мұндай қадамдардың мән-маңызы айрықша», – деп атап көрсетті Президент.

Ұлттық құндылықты дәріптеу ісін Наурызбай ауданындағы №188 мектеп-гимназиясы қолға алып жатыр. Әр сынып қазақ киімін киіп жүр. Мектеп директоры Базаркүл Мәуленова, директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Меруерт Қоңқаева, 2 «в» сынып жетекшісі, бастауыш мұғалімі Бақтылы Қалқаева бұл істе мұрындық болып келеді.

Ұрпақ тәрбиесі – өте маңызды әрі жауапты мәселе. Балалар арасында жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дәріптеу – әр баланың бойында отаншылдық және мемлекетшілдік қасиеттің қалыптасуына негіз қалайды.

С.НҰРБЕК.

TALIS – 2024

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЗЕРТТЕУДІҢ БЕРЕРІ МОЛ

Халықаралық оқыту мен оқу зерттеуінің төртінші циклі (TALIS–2024) – бұл мұғалімдер мен мектеп директорларына білім беру саясатын талдауға және дамытуға өз үлестерін қосуға мүмкіндік беретін халықаралық зерттеу. TALIS зерттеуін Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жүзеге асырады. Қазақстан бұл зерттеуге 50-ден астам елдермен қатар қатысады.

TALIS зерттеуінің мемлекетаралық талдауы қатысушыларға ортақ мәселелерді анықтауға және басқа білім беру реформалары туралы білуге мүмкіндік береді. Мектеп директорлары мен мұғалімдері олардың білімі мен кәсіптік даярлығы, кәсіби-педагогикалық тәжірибелері, кәсіби қабылдаулары, институционалдық орта және басқару сияқты оқыту мен оқу мәселелері, сонымен қатар әртүрлілік пен теңдік, оқушылардың әлеуметтік және эмоционалды

оқуы, білім беру мақсаттары үшін технологияларды пайдалану және экологиялық және тұрақты даму бойынша білім беру сияқты заманауи білім беру жүйесінің мәселелері туралы ақпарат береді. Мақсаты – тиімді білім беру мен оқыту үшін жағдай жасауға бағытталған білім беру саясатын дамытудағы жаңа басымдықтарды қайта қарауға және айқындауға мүмкіндік беретін сенімді, уақытылы және салыстырмалы деректерді ұсыну.

Алматы қаласы бойынша іріктеліп, Наурызбай ауданынан біздің №200 мектеп-гимназиямыз да зерттеуге түсті. Оған мектеп-гимназия директоры А.Нұрымқызы және 5–9-сыныпқа сабақ беретін кездейсоқ әдіспен іріктелген 20 мұғалім қатысты. Қатысушылардың құпиялылығы сақталып, өз дәрежесінде сауалнамаға жауаптарын берді.

TALIS–2024 халықаралық зерттеуін жүргізу үшін Астана қаласында өткізілген екі күндік семинарға директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.Сатуканова қатысып, мектеп үйлестірушісі деген сертификат алып, келген соң ұжымға аталған зерттеу

туралы семинар өткізіп, қатысатын мұғалімдерге жеке де түсіндірме жүргізіп, TALIS сұрақтары бойынша қазіргі кездегі мұғалімнің кәсіби дамуы, білім сапасын бағалау, мектепті басқару, оқыту әдістемесі, мектеп ахуалы, мұғалімдерді ынталандыру және олардың жұмыспен қанағаттанушылығы, өзін-өзі бағалау және кәсіптік қабілеттерін жетілдіру бойынша сауалнамалардан тұратындығы жөнінде ақпарат беріп, мектеп ұстаздарына сәттілік тіледі. Мектепте кабинет жабдығы, ғаламтор желісінің жұмыс жасауы, қауіпсіздік ережелері дұрыс жолға қойылды.

TALIS–2024 зерттеуіне қатысқан мұғалімдердің пікірін біліп, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы «Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығының» үйлестірушілеріне кері байланыс берді.

Ф.САТУКАНОВА, №200 мектеп-гимназиясы директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Қоғамдық мүдделі ұйымдардың қаржылық есебі

«Қоғамдық мүдделі ұйымдардың депозитарийге қаржылық есептілікті ұсыну қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2022 жылғы 28 қаңтардағы №94 бұйрығына сәйкес қаржылық есептілікті ұсыну тәртібі депозитарийге қоғамдық мүдделі ұйымдардың депозитарийге қаржылық есептіліктің ұсыну тәртібі айқындалған.

«Ақпараттық есеп орталығы» акционерлік қоғамының депозитарийіне (бұдан әрі – Қоғам) қаржылық есептілікті уақытылы ұсынбағаны үшін заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 239 және 250-баптарында көзделген әкімшілік жауапкершілікке тартылады.

2023 жылы Қоғаммен Алматы қаласы бойынша 250 қоғамдық мүдделі ұйымның ішінде: міндетті аудит жүргізбеген 63 қоғамдық мүдделі ұйым және тиісті депозитарийге қаржылық есептілікті ұсынбаған 187 қоғамдық мүдделі ұйым анықталды.

2023 жылы Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 239-бабына сәйкес депозитарийге қаржылық есептілікті ұсынбағаны үшін 28 980,0 мың теңге сомаға айыппұл салынды және 250-бабы бойынша міндетті аудиттен жалтарған 1173,0 мың теңге сомаға айыппұл салынып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Сонымен қатар, 31 қоғамдық мүдделі ұйымға әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамалар толтырылып, жергілікті бюджетке тіркелген жері бойынша ақшаны өтеуді одан әрі өндіріп алу үшін жеке сот орындаушыларына жіберілді.

Сондай-ақ, Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті процесс толық аяқталғанға дейін ай сайын қоғамдық мүдделі ұйымдар бойынша мәжбүрлеп әрекет ету немесе соттың жазалау шаралары бойынша ақпарат жіберіп отырады.

Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінің Қаржылық есептілік аудиті бөлімі жоғарыда көрсетілген Қазақстан Республикасының заңнамасындағы бұзушылықтардың алдын алу мақсатында қоғамдық мүдделі ұйымдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын тұрақты негізде зерделеуді ұсынады. Сондай-ақ, әкімшілік іс қозғауды болдырмау мақсатында міндетті аудит жүргізу және қаржылық есептілікті ұсыну бойынша туындаған мәселелерін бақылауда ұстауды ұсынады.

Қоғамдық мүдделі ұйымдары сұрақтар туындаған жағдайда Алматы қаласы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментіне 279-36-15 телефоны арқылы хабарласа алады.

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 8 айға – 4288,96 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 8 айға – 5888,96 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 8 айға – 2688,96 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Күрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді [Post.kz сайты](https://post.kz) арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет. Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет [Post.kz](https://post.kz)-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.

ҚАУЛЫ

2024 жылғы 20 наурыздағы № 1/1-100

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 2 ақпандағы № 24.1-25/85-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Емхана құрылысы үшін Ходеда Заирович Садыковтің, Нубар Абдулрахмановна Мамедованың Алматы қаласы Жетісу ауданының Райымбек даңғылы, 263Б үй мекенжайы бойынша орналасқан (кадастрлық нөмірі 20-314-066-247), жалпы ауданы 0,0450 га жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскесін «Алматы қаласы Жетісу ауданы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

6-сыныпты бітіруші ер балалар мен ата-аналарының назарына!

2024-2025 оқу жылына Алматы қаласы Мамандандырылған «БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ» лицей-интернатына оқушыларды қабылдау жүргізіліп жатыр. Құжаттар bilentihan.kz сайты арқылы онлайн түрде 12 сәуірге дейін қабылданады. Емтихан 12 мамыр күні І кезең бойынша өткізіледі. Толық мәліметті +7 706 676 06 30 WhatsApp номері арқылы ала аласыздар!

Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының қолдауымен «Заң кеңесі» жобасы аясында мемлекеттік және орыс тілдерінде қызмет көрсететін орталық пен **8 777 890 89 00 «жедел желі»** жұмысы іске қосылды. Орталықтың мекенжайы: **Алматы қ., Нүсіпбеков к-сі, 32, 1-қабат, 106-кеңсе.**

Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар ақпараттық-анықтамалық қызмет көрсету саласындағы жаңалықтар.

Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті **qamqor.gov.kz** ақпараттық порталында әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған тұлғаларға қатысты тексеру функционалын іске асырды.

Көрсетілген функционал азаматтардың ыңғайлығы мен уақытты үнемдеу үшін жасалған, яғни отіншітерді уәкілетті органға жолдап, оған жауабын 15–20 күн күтудің қажеті жоқ.

Сервис интернет-ресурстарды пайдаланушыларға үйден шықпай-ақ сот әрекетке қабілетсіз және әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалар туралы мәліметтердің арнайы есепке болуы немесе болмауы туралы ақпаратты қысқа мерзімде алуға мүмкіндік береді.

Ақпаратты алу үшін qamqor.gov.kz порталына өту керек, одан әрі Сот әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп таныған тұлғалардың тізімілі бөлімінде ЖСН мен жеке басты куәландыратын құжаттың деректерін енгізу қажет.

Одан кейін жүйеде анықтама қалыптастырылады, оны талап ету орны бойынша ұсыну үшін қағаз түрінде басып шығаруға болады.

Аталған анықтама электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған және ресми құжат болып табылады.

Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі Комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті.

2024 жылғы 29 наурыз № 1/1-103

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 12 ақпандағы №42.1-42/221-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жалпы білім беретін мектепке қосымша құрылыс салу үшін Алматы қаласы Жетісу ауданының «Айнабұлақ» шағынауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2025 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін хабардар етсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Білім басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

Алматы қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 29 наурыз №1/1-103 қаулысына қосымша

Мәжбүрлеп иеліктен шығарылуға жататын жер учаскелерінің тізбесі

Р/с №	Жер учаскесінің меншік иесінің (жер пайдаланушының) тегі, аты-жөні (атауы)	Кадастрлық нөмірі	Жер учаскесінің орналасқан жері	Жер учаскесінің ауданы, га
1.	«АЛП» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	20-314-022-006	«Айнабұлақ» шағынауданы, 65В үй	0,0520
2.	Актанова Эльмира Максуктановна	20-314-022-312	«Айнабұлақ» шағынауданы, 65/2 үй	0,3939

2024 жылғы 29 наурыз №1/1-105

Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 84-бабына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес, 2023 жылғы 5 мамырдағы Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Р.В.Склярдың төрағалығымен өткен Алматы қаласындағы «ЖЭО-2 – Батыс жылу кешені жылу магистралінің тозуы мәселесі жөніндегі кеңес хаттамасының» 5.1-тармағы, «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2024 жылғы 27 наурыздағы №41.1-41/348-И хаты негізінде Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. А.Жақұтов атындағы Алматы ЖЭО-2 санитарлық-қорғау аймағы үшін Алматы қаласы Алатау ауданында орналасқан жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті осы қаулының қосымшасына сәйкес мәжбүрлеп иеліктен шығару басталсын.

2. Мәжбүрлеп иеліктен шығару мерзімі 2026 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленсін.

3. Меншік иелері жүгінетін орын Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, 90, 801-кеңсе болып белгіленсін.

4. Алматы қаласы әкімінің аппараты осы қаулыны қабылданған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Алматы қаласы әкімдігінің интернет-ресурсын қоса алғанда, жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды қамтамасыз етсін.

5. «Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі:

1) заңнамамен белгіленген тәртіпте меншік иелерін ескертсін және жер учаскелерінің меншік иелеріне өтемақы төлеуді қамтамасыз етсін;

2) жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мемлекет мұқтажы үшін мәжбүрлеп иеліктен шығару бойынша іс-шараларды аяқтағаннан кейін жер учаскелерін «Алматы қаласы Энергетика және сумен жабдықтау басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің теңгеріміне берсін;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі Е.ДОСАЕВ

www.instagram.com/aqshamy.official

www.facebook.com/aqshamy.official

www.youtube.com/channel/UCkxM2xr/CHx68r1ggA

web.telegram.org/k/#@aqshamy_kz

vk.com/aqshamy.official

twitter.com/aqshamy_kz



Бас директор – **Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ**
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары – **Абдухалил ЖАЛИЛОВ**
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары – **Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**
тел.: 293-04-28.

Бас редактор – **Төрехан ДАНИЯР**
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары – **Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы – **Серік ЖҰМАБАЕВ**
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы – **Рая ЕСКЕНДІР**

Қала тынысы бөлімінің редакторы – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы – **Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі – **Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauapparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauapparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы – **Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері: **Мұрат ӘУЕЗОВ, Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ, Сейітқазы МАТАЕВ.**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: **+7 707 862 30 08** телефондары арқылы сағат 9.00–ден 18.00–ге дейін хабарласыңыз

Almaty
AQSHAMY

Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі: «Alatay Aqparat» ЖШС. E-mail: alatauapparat@gmail.com Мекенжайымыз: Индекс: 050022. Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады. Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор – **Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Гамма-принт» ЖШС-де басылды. 050061, Алматы қаласы, Райымбек даңғылы, 369. Тел.: 247-98-30 Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс бортында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?



КӨКТЕМ ХАБАРШЫСЫ

Алматының Есентай өзені жағалауындағы крокустар гүлдеді. Бұл ғажайып көрініске тамсанған қала тұрғындары мен қонақтары әсем гүлдердің жанында суретке түсіп, әлеуметтік желілерге жүктеп жатты. Үміт пен қайта жаңғырудың символына балайтын нәзік тіршілік иесін көктемнің хабаршысы деуге болады.

Алматы әкімдігінің мәліметінше, өткен жылдың күз мезгілінде 100 мыңнан астам көпжылдық гүлдер отырғызылған болатын. Биыл көктемде ақ, көк және күлгін түсті крокустар гүлдеді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

РУХАНИЯТ

ТАЗАРҒЫҢ КЕЛСЕ, ТЕАТРҒА БАР

Алматыдағы үш театрда қойылған спектакльдерге жыл басынан бері 11 мыңнан астам көрермен келді

Алматы қаласы әкімдігіне қарасты театрлар қызметкерлерінің еңбегі зор. 2023 жылы үш театр барлығы 1320 спектакль қойып, оған 144 652 көрермен келген. Ал биыл жыл басынан бері қойылған 116 спектакльді 11 105 көрермен көрген. Театр труппалары балалар үйлерінде және басқа да әлеуметтік нысандарда қайырымдылық көрсетілімдеріне қатысып, сонымен қатар мерекелер аясында қаланың ашық алаңдарында өнер көрсетіп жүр.



Күралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Өткен жылы Қуыршақ театры «Қаздар-аққулар», «Есте сақтандар, балалар!», «Колобок», «Мамонтенканың мамасы», ал биыл толық аншлаппен қазақстандық танымал боксшы Бекзат Саттарханов туралы «Чемпион» және әлемге танымал Чарльз Перроның ертегісі негізінде «Етік киген мысық» спектакльдерінің премьералары өтті.

Тогольдің повесі бойынша «Шинель», жазушы Бердібек Соқпақбаевтың 100 жылдығына орай оның роман негізінде «Менің атым Қожа», қазақ халық ертегісі бойынша «Алдар көсе», ағайынды Гриммдердің әлемге әйгілі ертегісі негізінде «Ақшақар және жеті гном» және тағы басқа да қойылымдар кезекте тұр, олар көрермендер үшін жағымды тосын сый болады. Көрермендер әрлеу жұмыстары ойдағыдай жасалған мемлекеттік Қуыршақ театрындағы залдардың жайлылығына баға берді.



Бұдан басқа, «Алатау» дәстүрлі өнер театрында «Mamluk. Сұлтан Бейбарыс» «Алматы алғашқы махаббатым» мюзиклін қою жоспарлануда. Келешекте көрермендер «Естайдың Қорланы» және «Біржан сал» музыкалық драмаларын, «Ақсақ құлан» балетін, сондай-ақ «Бастапқы» концерттік қойылымын тамашалай алады.

«Жаңа ғасыр» жастар театры өткен жылы «Вий» және «Жекпе-жек» сияқты премьераларымен атап өтілді. 2024 жылы аты аңызға айналған актер және режиссер Асанәлі Әшімовтің серіктестері Шыңғыс Айтматов, Роберт Томның шығармашылығына жүгінуге, сондай-ақ Дулат Исабеков пен Елдар Тәшкенбайдың шығармаларына қойылымдар жасауға ниетті.

Айта кетерлігі, өткен жылы Алматыда мәдениет саласы қызметкерлерінің жалақысы 30%-ға өсті.

ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

«АЛАСАПЫРАН» АМАЛЫ

Алматыға құстар қайта оралуда

Жауын-шашыны, желі мен селі қатар көрініс беретін «Аласапыран» амалы жүріп жатыр. Қазекең бұл амалды аса қауіпті санап, сақтанып отырған...



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Сәуірде түрлі амал бар. Мысалы, «Бесконак» амалы оңтүстікте наурыздың соңына қарай өтсе, батыста сәуірдің алғашқы аптасында көрініс береді. «Отамалы» амалы, оны қазекең «ойылған қыс» деп атаған. Мұнан кейін «Сәуір» амалы келеді.

Ал Арқада осы мезгілде орын алатын «Алтын күрек» деген амал (өкпек жел, салқын самал) бар. Сәуірдің соңы мен мамырдың басында алапат нөсер болады. Бөкендер мен киіктер төлейді...

Аспан денелерінің қозғалысы «Аласапыран» амалының жауын-шашынды, лайсаң болатынын аңғартқандай. Алдағы аптада ашық, жылы күндер де болатынын жоққа шығармаған абзал. Сонымен, Қоян жылы кетті. Елімізге ғана емес, әлемге келген қаншама апат, зілзала, қауіп-қатердің себепкері болды. Ұлу жылы (әлде Ұлыма ма) келіп жетті. Жылдың басы жауын-шашынды, ылғалды болып басталды. Бұл молшылықтың нышаны.

Қалай десек те, көктем шықты. Аз күнде өрік гүлдесе, артында шие, сосын алма гүлдейді. Табиғат-Ана мейірімін шашып, сол жемістерді ел-жұртқа бұйыртысын.

Жырлайды дала қар әні,
Шулайды сулар «көктем» деп.
Ұйқысын бұзып жасағаның
Соғады қырдан өктем леп.
Жамырай шулап жас төлдей,
«Келді деп көктем!» жар салып,
Тасқынға толып төскей-бел,
Көктемді жатыр қарсы алып.
Көктем-қыз әне, келеді,
Жаңартып ескі, көнені.



Жер-көкті шуга бөледі,
Көкте күн нұрын төгеді.
Бусанып, босап жер төсі,
Көктейді енді жон-жонас.
Көктем-қыз жердің еркесі,
Басталды тірлік қарбалас...

Өңірімізден шаттық, өңімізден күлкі кетпесін. Табиғат тосын мінез танытпасын.

Жаңа жылымыз құтты-ырысты болсын, ел жұмысты болсын!

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

КӨКТЕМДЕ:

*Күн ерте күркіресе, мол жауын-шашынның белгісі.
*Ай қораланса, бұршақ пен жаңбырлы болады.
*Торғай ерте жұмыртқаласа, күн ерте жылынады.
*Көктемде таң күңгірт тартып, күн манаурап көтерілсе, жыл жауын-шашынды болады.
*Көктем туғанда таң шашырап атса, молшылық, береке мол болады.

ҚИСЫН

ЖЫЛ РЕТІН ЖҮЙЕЛЕГЕН ЖӨН

Өткен жолы пайымымызда Көкек атауының қайтарылып, өз мәртебесін беретін кез келгенін сөз еткенбіз. Күні бүгінге дейін орнын таппай адасып жүрген ай атаулары туралы да (қаңтар мен ақпан) айтқанбыз. Сонымен қатар, ұлу жылының атауы «Ұлу ма, Ұлыма ма?» деп оқырманға сауал тастағанбыз.

Енді қазақтың жыл санау ретіне байланысты ойымызды білдірсек дейміз.

VII және VIII ғасырлардан бері әр жылға телініп қолданылып келе жатқан хайуанаттар аттары, әрине, бірқатар өзгерістерге түскені шындық. Кейбір жыл атаулары көрші елдерден, туыс ұлттардан ауысып келуі де ғажап емес. Қазіргі қолданыстағы: Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылан, Жылқы, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз атауларының орналасу реті көңілге кірбін ұялатады.

«Жас кезімде мүшел мен жыл қайыру әңгіме болғанда ауыл қарттары «жыл бір жыл адал, бір жыл арам хайуаннан кезектесіп келіп отырады» деуші еді. Бірақ олай емес, қолданыста басқаша көрініс табуда. Адал мен адал, арам мен арам қатар келіп жатады. Сен осыны жазшы, біраз жылдан бері қазақы пайым төңірегінде әңгіме қозғап, ұлттық құндылығымыздың қағыс қалмауына үлесінді қосып жүрсін ғой», – деді қазақтың көрнекті ақыны, белгілі сыншы Аян Нысаналин бір жолыққанда арнайы әңгімеге тартып.

Аян ағаның сөзін тірілтік келіп отыр. «Бір адал, бір арам алмасып келіп отырады» деген сөзді марқұм анамнан мен де талай естіген едім. «Қазақ және тағы біраз халықтар жыл қайыруында жыл аттарының қалай құрылғаны туралы негізгі принципі бұзылып кеткен: екі адал – жылқы мен қой қатар тұрып алған...», – деп жазыпты Ғабит Мүсірепов. Академик жазушының ашына жазғаны аңғарылып-ақ тұр. Әрине, біреуді кінәлаудан аулақпыз. Кешегі қызыл империяның кезінде жыл реті түгелі сөз ретін, ай атауы былай тұрсын, өз атымызды да ұмытқан кездер болды ғой. Жылқы мен жыланның орнын ауыстырса болды, ары қарай бір адал, бір арам болып ретімен кете береді. Сонда жыл реті төмендегідей болып шығады: Тышқан, Сиыр, Барыс, Қоян, Ұлу, Жылқы, Жылан, Қой, Мешін, Тауық, Ит, Доңыз. «Ештен кеш жақсы» дегендей, әлі де әрекет жасауымыз керек. Табандылық керек!..